



ЭКОНОМИКАМЫЗҒА  
ПАНДЕМИЯ  
КЕРІ ӘСЕР ЕТТІ

2-бет



ОҢАЛТУ  
ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ  
ОҢДЫ ІСТЕР

6-7-бет



«АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
ЖИНАҒЫНЫҢ  
ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

16-бет

# ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№23 (893) 15.06.2020 жыл

## АУЫЛДЫҢ ТҮТІНІ ТҮЗУ ШЫҚСА ЕКЕН



### АБАЙ мен БАУЫРЖАН

Қазақ қоғамында Абай атымен бірге кейде ұлы ақынның рухани інісіндей даңқты Бауыржан батыр есімінің қоса аталуы заңдылық сияқтанады. Бұл орайда көпшілік оқырман қауымды Бауыржан Момышұлы Абай табиғатына қалай қарады екен деген ой қызықтырмай қоймас.

8-9  
бет



Не керек қолда барды ұқсата алмағанымыз әлі күнге дейін жанды күйзелтетінін қайтерсің. Соңғы жиырма жылдың көлемінде «болашағы жоқ» деген қаншама ауылдың іргесі сөгілді десеңізші. Еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Байқал Байәділдің «Ауылдағы қара шаңырақ қаңырап қалмасын» атты мақаласында келтірілген дерекке көз жүгіртсек, былтырғы жылы Ақмола облысы бойынша 12 ауыл жабылып, 8675 тұрғын басқа жаққа қоныс аударыпты. Жаға ұстатар көрсеткіш. Бұл дерек тек бір ғана өңірдікі. Ал, жалпы еліміз бойынша қаншама ауылдардың тамырына балта шабылып жатыр.

3  
бет

## ЖҰРТ ҚАЛАЙ ЖАН БАҒЫП ЖАТЫР?

Елдегі әлеуметтік жағдайдың қиындығына қатысты есеп-қисапты Мәжілісте Есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунова жария етті. Оның айтуынша халықтың нақты табысы небәрі 5 жарым пайыз ғана өскен. Ал, азық-түлікке жұмсайтын ақшасы бұрынғысынан 50 пайызға артып кетті. Дамыған елдерде ол 10 пайыз шамасында. Тіпті Беларусьта да халықтың азық-түлік шығыны табысының үштен бірінен аспайды.

2  
бет



### ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІНІҢ БИГІ

Еліміздің оңтүстік өдкесіндегі Жетісай ауданы Асықата өңірінің табиғаты да өзгешелеу екені белгілі. Ауыл шаруашылығы өнімдерін, әсересе мақта, тіл үйірет қауын-қарбыз өсіруге қолайлы құмдауыт топырақты өлкенің батыс тұсы әйгілі Шардара теңізімен шектеседі. Онан әрмен қарай қойнауы құтқа толы қызылдың құмы. Болашақ суретші, бүгінде алпыс жасқа толып отырған ҚР Мәдениет қайраткері Бақыт Сраилов осы өңірде дүниеге келді.

15  
бет

## КАК ЕКАТЕРИНА II ХОТЕЛА СОЗДАТЬ «НЕМЕЦКУЮ АВТОНОМИЮ» НА КАЗАХСКИХ ЗЕМЛЯХ

После публикации интервью с исследователем-писателем Торегали Казиевым «Казакская Жанна д'Арк: как Сапара Матенкызы победила Екатерину II» на сайте «qazaquni.kz» (25.01.2020), которое прочитало рекордное количество читателей – более 42 тысяч, появилась потребность вернуться к этой теме.



10  
бет

# ЭКОНОМИКАМЫЗҒА ПАНДЕМИЯ КЕРІ ӘСЕР ЕТТІ

Қазақстан Президентіне биылғы 5 айдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, коронавирус індетінің таралуына қарсы күрес жұмыстары және санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды жақсарту жөнінде есеп берілді.

Асқар Мамин коронавирус пандемиясының салдарынан биылғы қантар экономиканың аралығында ұлттық экономиканың өсу қарқыны, былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда, 1,7% төмендегенін айтты. Үкімет басшысының мәліметі бойынша, экономиканың бірқатар салаларында, атап айтқанда, тау-кен өндірісі, өңдеу, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету салаларында, сондай-ақ, негізгі капиталға инвестиция тарту



бағытында өсімнің оң қарқыны байқала бастаған.

Асқар Мамин көктемгі егіс жұмыстарының толық аяқталғаны туралы да мәлімет берді. Бұдан бөлек Премьер-Министр Президентке халықты жұмыспен қамтамасыз етудің кешенді шаралары биыл еліміздің 1,22 миллион азаматын қамтитынын жеткізді.

Қазақстан Президенті еліміздің бірінші жартыжылдықтағы даму қорытындыларын талқылап, дағдарыс салдарын еңсеру міндетін қою үшін биылғы шілде айында Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізетінін айтып, премьер-министрге бірқатар нақты тапсырмалар берді.

## АҚПАРАТ АШЫҚ БОЛУЫ КЕРЕК

Шенеуніктердің ақпарат беру мәселесіндегі дискреттік (шектеу) өкілеттігін қысқарту қажет. Мұндай пікірді заң ғылымдарының кандидаты Аян Төркүлов білдірді.



өкілеттік беру жемқорлық қылмыстар үшін жағдай жасап отырғанын көрсетеді», – деді ол. Шенеуніктердің ақпарат беруден бас тартуы шағымдардың заңдық тәртіппен қаралмауына әкеледі екен. Расында, бізде мемлекеттік

қызметтегі шенеуніктерден ақпарат алу қиямет-қайым. Кәсіпорын басшылары да «коммерциялық құпия» деп қарап тұрады. Сонда ол неғылған құпия? Мемлекеттік құпия емес қой. Мемлекеттік құпия дегеннің өзін өз халқымыздан жасырса да шетелде бәрі алдымен белгілі болатыны нәліктен? Сонда біз өзіміздің елдегі ақпаратты шетел арқылы алуымыз керек пе? Сол құпияның кесірінен бізде жемқорлық жылдан-жылға күшейіп барады емес пе? Ақпарат барлық жерде ашық, дискреттік деген ұғымды ұмыту керек.

## АЛАКӨЛ ЖАҒАЛАУЫ АБАТТАНДЫРЫЛУДА

Шығыс Қазақстандағы Алакөл жағалауын абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Биыл осы мақсатқа 4 млрд. тенге бөлінген.

ШҚО-да Алакөл жағасында 8 жаңа демалыс үйі ашылады. ШҚО әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, көл жағалауының инфрақұрылымы жақсартылды. Алайда кей кәсіпкерлер қызмет сапасын заман талабына сай орындамай отыр. Аймақ басшысы Даниал Ахметов жағалаудың бас көшесіндегі құрылыс талаптарына сәйкес келмейтін дүңгіршектерді алып тастауды тапсырды. «Өткен жылмен салыстырғанда, мұнда өзгеріс көп. Мен осында келетін туристерге жоғары деңгейде қызмет көрсету керектігін айтып келемін. Бизнесмендер түрік жағалауларымен бәсекелес болып, қызмет көрсету са-

пасын әлемдік стандарттарға сәйкес жүргізуі тиіс. Қоғамдық тамақтандыру саласымен айналысатын кәсіпкерлер мол пайда табады. Соған қарамастан демалыс орнында жоғары талапқа сәйкес келетін бірде-бір мейрамхана немесе дәмхана жоқ. Орталықта орналасқан тамақтандыру орындарының иелері абаттандыру туралы, қызмет көрсету сапасы жөнінде ойланбайды. Өйткені олар адамдарды бәрібір өздеріне келетінін біледі», – деді ШҚО әкімі. Көл жағалауында 345 кәсіпкерлік нысан орналасқан. Оның ішінде 11,5 мың төсек-орындық 175 демалыс үйі, 36 қоғамдық тамақтану орны, 27 дүкен, 104 дүңгіршек, 3 дәріхана бар. Биыл 8 жаңа демалыс орны салынып, 11-і аумағын кеңейтті. Сөйтіп, қосымша 650 төсек-орын пайда болды. Сондай-ақ, 200 орындық «Alakol love» туристік кешенінің құрылысы басталды.



## МИНИСТР ДЕПУТАТТАРДЫҢ МИҢН АШЫТТЫ

Мәжіліске есеп беруге келген ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев депутаттарды әбден шатастырды. Экологиялық мониторингті дамытуға екі миллиард теңге бөлінгенімен, жағдай оңалмаған.



Депутаттардың сұрағына орай еліміздегі ауаның жағдайын баяндаудың орнына көлдерді тазарту жұмыстарын айтып, мәжілісмендердің миын ашытып, ашуын келтірді. Министр трансшекаралық өзендер бойынша зерттеулер санын 300-ден 921-ге дейін жеткізгенін айтып айдалаға лағып кетті. Мырзағалиев тағы ақша бөлінсе, жұмыстар жақсарды деді. Алайда депутаттардың министрден сұрағаны бұл мәселе емес еді. Бас десе құлақ деп тұрған сала басшысының жауабына жыны келген Мәжіліс спикері де қарап қалмады. Министрлік бюджет қаржысын толықтай пайдаланса да, әр қыста Теміртауда

қара қар жауып, Өскемен мен басқа да қалаларда ауа ластанып жатқанына бақылау жоқ деп шүйлікті Нұрлан Нығматулин. «Не болды? Ақшаны оңды-солды шаштыңдар, ал елде ауаның ластану мәселесі сол күйінде. Экология министрі бұл мәселені жігі қадағаламаса, басқа кім жауапты болуы керек? Мемлекет ақшаны берді, ол болса, өзінің қауқарсыз екенін көрсетті. Бір бағдарламаны басқа жобаман шатастырды. Мағзұм Маратұлы, егер саланы білмесеңіз, қайтадан оқу керек» – деді Нұрлан Нығматулин.

## ЖҰРТ ҚАЛАЙ ЖАН БАҒЫП ЖАТЫР?

Жұрт тұрмысын тек несиенің көмегімен жақсартып отыр. Тапқаны жұмырғына жүк болмайды. Жұрттың табысы қазір ішіп-жемнен аспай жатыр.

Елдегі әлеуметтік жағдайдың қиындығына қатысты есеп-қисапты Мәжілісте Есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунова жария етті. Оның айтуынша халықтың нақты табысы небәрі 5 жарым пайыз ғана өскен. Ал, азық-түлікке жұмсайтын ақшасы бұрынғысынан 50 пайызға артып кетті. Дамыған елдерде ол 10 пайыз шамасында. Тіпті Беларусьта да халықтың азық-түлік шығыны табысының үштен бірінен аспайды. Годунова экономиканың құлдырап бара жатқан тұсын да ашып

айтты. Мәселен, соңғы 10 жылдан бері нарықтағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 11 пайыздан көтерілмеген. Ал экспортқа келгенде минералды ресурстар үлесі 70 пайыздан артық. Мемлекет екінші деңгейлі банктерге орасан зор көмек көрсеткенмен, соңғы 5 жылда олардың ел экономикасында қосар үлесі әлсіреп барады. Осыдан 5 жыл бұрын банктердің жалпы ішкі өнімдегі активтері 60 пайыздан асып тұрса, қазір 40 пайызға түсіп қалған. Оның үстіне, проблемалық несиелер көлемі де ұлғайып барады. Былтыр тұтыну несиесінің көлемі халықтың номиналды табысынан 15 пайыз асып түскен. Ал, несиені көп ала берсе, оұл әлеуметтік мәселелердің туындауына алып келетіні белгілі.

## АЛТЫННЫҢ АЗАБЫ

Ақмола облысындағы Бестөбе ауылының тұрғындары алтынның азабын тартып отыр. Себебі, кен орнын көтерілген шаң мен зиянды заттардың зардабы орасан.



Бүгінгі күні қалдық жиналатын орын күннен күнге ұлғайып, жайылымға дейін жеткен. Бағыты жиі өзгеретін жел соқса, кеніштен көтерілген улы цианид ауыл аумағына тарайды. Бестөбе маңындағы жайылым аумағы енді төрт түліктің отына жарамсыз. Себебі, алтын кеніштен шығатын қалдық осында үйіліп жатыр. Мал-санын уайымдаған тұрғындар талайдан бері шағымданғанымен, кеніште жұмыс жүргізетін «Қазақалтын» серіктестігі райынан қайпапты. «Сол жердің бәрін қазып, цианид сақтайтын қалдық қойма салып жатыр. Бізбен ақылдаспайды, бізбен сөйлеспейді. Жиналыста өйтеміз-бүйтеміз дейді. Сол құр уәдемен қалады. Біз ақырын-

ақырын қырылып жатырмыз. Мынау не қырылған сұмдық?! Бестөбенің айналасын тұтас қазып, қопарып тастаған», – дейді Бестөбе тұрғыны Ахмет Жұмабеков.

Тұрғындардың сөзінше, бұрынғы жабық шахталық өндіріс доғарылған, себебі, шығыны тым көп. Ал, ашық өндіріс компанияның қалтасын қақпайды, пайдасы мол. Ал ауыл тұрғындары оның тек қана залалын тартып отыр.

## БОС СӨЗ АУАҢЫ ТАЗАРТА АЛМАЙДЫ

Қарағанды облысындағы «Арселор Миттал Теміртау» мен Шығыс Қазақстандағы «Казцинк» компаниялары ауаға шығарылатын эмиссия мөлшерін азайтуға міндеттелді.

«Өнеркәсіп ошақтары орналасқан Өскемен мен Теміртау қалаларының атмосфералық ауасының ластану деңгейін шешу үшін министрлік бірқатар компаниямен шығарындылардың деңгейін төмендету туралы келісімге қол жеткізді. Атап айтқанда Теміртаудағы «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы 2024 жылы эмиссияны 30 пайызға, ал Өскемендегі «Казцинк» компаниясы күкірттің еселенген тотығын 20 пайызға азайтуға міндеттелді. Ол компаниялар өз өндірісінде ең үздік технологияларды енгізеді», – деді Мағзұм Мырзағалиев ОКК өткен халыққа есеп беру кездесуінде. Сонымен қатар, министрі ҚазМұнайГаз бірнеше жылдың ішінде бірқатар мұнай қалдықтарын жоятынын мәлім етті. Шынын айтсақ, экология мәселесі жоғары деңгейде жылына жүз рет көтерілсе де ешқандай нәтиже жоқ. Қолдаушысы күшті алпауыт компаниялар үкіметтің нұсқауларына пысықырып та қарамайды. Ал, тұрғындар болса осы күнге дейін түгінге түншығып келеді.

*Поэты рождаются в провинции, а умирают в Париже»*

Француз нақылы

«Ауылым – алтын бесігім», – дейді халық даңалығы. Қоңілді ұлылығын ұғындырып, санаға сіңдірер қанатты сөз. Осы заманға дейінгі сан толқын ұрпақтың киелі мекені, алтын ұясы, ырыстың бастауына айналған ауыл-ежелден ұлтымыздың ұйытқысы саналады.

Жасыратыны жоқ, қаймағы бұзылмаған қазақты ортаны аңсап, ұлттық болмысымызға шөліркеген кезде ауылды еске алып, сағынып, жүрегің кеудеңе сыймай кететіндей толқымалы күйге түсетінің анық. Өйткені, жүгі нарда, қазаны теңде дәурен құрған көшпелі қазақ үшін ауылдың орны қашанда бөлек, тұғыры биік екені заңдылық. Демек, ауыл мен қазақ ажырамас егіз ұғым.



# АУЫЛДЫҢ ТҮТІНІ ТҮЗУ ШЫҚСА ЕКЕН

Түптеп келгенде ата-бабамыздың, яғни қазақ ұлтының түп тамыры, терең тарихы ауылда жатқанын естен шығармағанымыз абзал. Сондықтан ауыл өмірі гүлдеп, тұрмысы өркендесе, шаруашылығы кең қанат жайса қазақ түлейді, ауыл тұрмысы құлдыраса қазақ жүдейді. Бұл, бұлжымас қағида десек қателеспейміз. Оны дәлелдеп жатудың өзі артық деп ойлаймын.

Сонау тоқсаншы жылдары ат тепкендей есеңгіретіп босағадан аттарын нарық заманы қазақ ауылдарын да айналып өткен жоқ. Көптеген елдімекен жадап-жүдеп, бордай тозып, ауылдың қалықтаған әні, көңілді тербеткен сәні кетті. Тығырыққа тірелген кара халық үдере көшіп, жан-жаққа тарыдай шашылды. Сөйтіп, түтіні түзу шығып, көптеген ауыл өз-сәтте қанырап, тек жұрты ғана қалды.

Не керек қолда барды ұқсата алмағанымыз әлі күнге дейін жанды күйзелтетінін қайтерсің. Соңғы жиырма жылдың көлемінде «болашағы жоқ» деген қаншама ауылдың іргесі сөгілді десеңізші. Еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Байқал Байәділдің «Ауылдағы кара шаңырақ қанырап қалмасын» атты мақаласында келтірілген дерекке көз жүгіртсек, былтырғы жылы Ақмола облысы бойынша 12 ауыл жабылып, 8675 тұрғын басқа жерге көшірілді. Жаға ұстатар көрсеткіш. Бұл дерек тек бір ғана өңірдікі. Ал, жалпы еліміз бойынша қаншама ауылдардың тамырына балта шабылып жатыр.

Не керек, бұқаралық ақпарат құралдары, қалам ұстаған журналист қауымы, ауыл тағдырын жайлы өзекті өртер өткір мәселені айтудыңдай айтып, көтерудей көтеріп, салмақты ойын ортаға тастап дабыл қағуындай қағып жатыр.

Бірақ, сен орнынан қозғалар емес. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Адам баласы-шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды» деп айтқан салиқалы ойы кез-келген жанның жүрегін тербері анық.

Иә, қоғамымыздағы заманауи тоқырауға байланысты кең көлемде қарқын алған жаһандық урбанизация ауылға да кесірін тигізбей қойған жоқ. Халықтың жаппай көшіп, қала өміріне бет бұра бастауының салдарынан ауылдардың қатары қатты сөйілгенін ашық айтқанымыз жөн. Ендігі кезекті көп уақыт оздырмай, сөзбұйдаға салмай ауыл экономикасына, әлеуметтік жағдайына жаңа серпін, тың тыныс беретін кез келді. Бүгінгі таңда ауыл проблемасын көтеріп, оны жүзеге асыру ісі әр қазақты қадірлеу деген ұлттық ұстанымды білдірсе керек. Ауылды мемлекет экономикасының темірқазығына айналдыруымыз қажет. Өйткені, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің тамыры ауылда екенін естен шығармай әрі соны ұғынған жөн.

Үстіміздегі жылы, қазақ ұлтының мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауымы бірігіп ауылды көтеруге байланысты үлкен бастама көтеріп, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевқа «Ауыл-ана» атты бірегей жоба жолдады. Бұл Жобаның басты мақсаты-барша қазақстандықтардың көңілін ауыл проблемасына аудару арқылы мемлекеттік беріктігімізді күшейтіп, экономикамызды нығарлай түсу. «Ауылдың өркендеуі-мемлекеттің өркендеуі»

деген ұғымды өміршең ету. Енді аталмыш Жобаның мазмұнынан үзінді келтіре кетейін: «Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! «Ауыл жылы» атанған әйгілі жылдан бері ауылдарды өркендетуге арналған көптеген Жобалар жасалып, соларға бюджеттен бөлінген миллиардтаған халық қаржысы тиімсіз жұмсалып, рәсуа болғанын Сіз жақсы білесіз. Соның салдарынан ауыл тұрмысы оңалмай «болашағы жоқ» деген үкім шығарылып, еліміздегі 6,5 мың ауылдың 4719-ы шетінен жабылып жатыр. Алайда Қазақ даласындағы барлық ауылдың болашағы бар. Болдыра алмай отырған облыстар мен аудандардың біліксіз әкімдері. Ауылдарды жабу-қазаққа қастандық. Ауыл біздің бәріміздің туған ауымыз, қасиетті ата мекеніміз. Ауылдарды жабуға жол беруге мүлде болмайды. Егер «Ауыл-ана» Жобасы Сізден және Үкіметтен қолдау тапса, ауылшаруашылығын өркендетіп, ауыл адамдарының тұрмысын тез түзеп жақсартуға даңғыл жол ашылады. Сонымен бірге бұл Жоба ауыл адамдарының қалаларға, әсіресе Елорда мен

Алматыға үдере көшуін тоқтатып, оларға түсетін әлеуметтік салмақты күрт азайтады және ең бастысы мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады», – делінген.

Негізі бұл Жобада ауыл тұрғындарын қауымдық шаруашылыққа біріктірудің механизмі жан-жақты, тәптіштеліп көрсетілген. Сонымен қатар, «Жайлауда бағылатын мал шаруашылығын қалпына келтіру», «Ұсақ шаруа қожалықтарын кооперативтерге біріктіріп ірілендіру», «Нұрлы көш» бағдарламасының басын қосып үшеуін қатар жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тетікті алға тартқан. Оны қарымды қаламгер, жазушы, әдебиет сыншысы, ақын, қоғам белсендісі Құма-Назар Сомтіннің «Егемен Қазақстан» газетінің 6-шы ақпан күні жарық көрген «Барлық ауылдың болашағы бар» атты мақаласында толыққанды жазып, мемлекет басшысының осы мәселеге мұқият назар аударып, қолдау көрсетуін сұраған.

Ақпарат көздеріне сүйенсек қазіргі таңда халықтың қырықтан астам пайызы ауылдық жерде

тұрады екен. Шындығын айту керек, олардың дені жастарды құрайды. Екі қолға бір күрек таба алмай аңылып жүрген жастарды ауылдың іргесін мықтауға, көшін түзеуге, экономикасын қуаттандыруға жұмылдыра алсақ нұр үстіне нұр болар еді. Бұл бастама руханиятымыздың темірқазығы, ұлттық құндылықтарымыздың алтын бесігі, береке мен байлығымыздың бастауы көзі ауылға деген жастардың құлшынысын аттырмаса кемітпейтіні анық. Өйткені, кіндігі ауылда кесіліп, таза ауасын жұтып, тұнық суын ішіп, көркем табиғатынан қуат алған әрбір өскін өзі туған топырағын барынша қадірлеп-қастерлеуге, гүлдендіруге қашанда сақадасай дайын. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп «Жер-Ана» жобасының тамырына қан жүгіріп кетер болса ауыл адамдары төрт түлігін түлетіп, егістігін жайқалтып, шаруасын өрге сүйреп кететініне шүбәм жоқ.

Мен өзім қаншама өңірге табан тіреп, ауыл өмірін көзіммен көрдім, талай игілікті істердің күәсі болдым. Әйтеуір, жоқтан бар жасап, ауыл тұрмысын жайнатуға атсалысып жүрген азаматтарды, олардың жасаған ұлағатты бастамаларын көргенде жаның жадырайды. Соның бірі Қостанай облысының Аманкелді ауданында болудың сәті түсті. Аудан әкімі Әмірхан Асанов шаруашылықты ұршықша үйіріп жүрген іскер басшы екен. Көптеген ауылдармен салыстырғанда бұл аудан халқының әдеуметтік жағдайында көптеген ілгерушілік бар. Халыққа қажетті шаштараз, монша, тігін цехтары ашылып, жұмыс жасауда. Мал басын көбейту жолында әр отбасына өсімсіз қаржылай несие беру мәселесі де жолға қойылып, кең өріс алып келе жатқаны байқалады. Жас мамандарға арналып 8 пәтерлі баспана да берілді.

Күйбені көп шаруашылықтың сыртында өнерден де қалыс қалмайды. Былтыр мың домбырашы жиналып халық күйін орындаса, биыл шілде айында да осы дәстүрден қол үзбей мың домбырашы жиналып, ел арасында кең тараған бас күйді сахналамақшы. «Әр үйге бір домбыра», эстафетасы да жалғасып жатқан көрінеді. Алайда, мұнымен ауыл мәселесі толыққанды шешілді деп ой қорытуға әсте болмайды. Аудан әкімі Әмірхан Біркенұлы маған телефон арқылы хабарласып: «Ауылға өсімсіз гранттар көп бөлінсе, қаладағыдай жалдамалы баспана салуға ерекше назар аударылса», деген пайдалы бағыттарды алға тартқан болатын.

Біз тілге тиек еткен «Ауыл-Ана» жобасында көтерілген мәселелерді кең ауқымда іске асыру үшін ауыл, облыс әкімдерін, ел ардагерлерін мен жергілікті халықтың қызығуын қосып кенестер өткізіп талқыға салсақ ауылды көтеруге тиімді көптеген ұсыныстар ортаға тасталар еді. Егер зерделеп, саралар болсақ қазіргі жоғары басшылық қызметте жүрген азаматтардың басым бөлігі ауыл түлектері екені рас. Тіпті зиялы қауым өкілдері де ауылдан шыққандар емес пе? Олай болса, ауылды ұмытпау, әр ауылдың түтіні түзу шығуы жолында бірігу әрқайсымыздың перзенттік парызымыз деп білейік.

Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,  
профессор, тарих  
ғылымдарының докторы



# «АК ЖОЛ» ПРИЗВАЛ НАЧАТЬ РАБОТУ ПО ПРИЗНАНИЮ АШАРШЫЛЫҚ (ВЕЛИКОГО ГОЛОДА) ФАКТОМ ГЕНОЦИДА

## ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС ЗАМЕСТИТЕЛЮ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА РК Е.ТУГЖАНОВУ

**Уважаемый Ералы Лукпанович!**

Буквально накануне наш народ вспомнил жертв голода и политических репрессий. В тот же день вышло поручение Президента К.Токаева о создании комиссии для завершения работы по восстановлению исторической справедливости и реабилитации жертв политических репрессий. Партия «Ак жол» поддерживает эту инициативу как очень важную и заявляет о готовности направить своих представителей для участия в её работе.

Наряду с этим, в целях исторической справедливости, Демократическая партия «Ак жол» призывает дать организованному тоталитарной властью большевиков на казахской земле Великому голоду (Ашаршылық) правовую оценку, как факту геноцида против нашего народа.

Для сравнения — признанный мировым сообществом Голодомор в Украине унёс жизни 3 миллионов 900 тысяч человек, тогда как по недавним публикациям самих украинских исследователей, они оценивают жертвы голода в Казахстане более чем в 4 миллиона жизней, а потери нашего народа — в 70%.

Как пишет известный поэт Казыбек Иса,

«Қолын жайып нан сұраған сәбилер,  
О дүниеде дұға сұрап жүр әлі...»

(«Дети, умиравшие с просьбой о хлебе,  
Всё так же тянут к нам руки, прося о молитве [за их невинные души]»).

И пока за их невинные души их гибель тем, чем это было на самом деле, наш долг перед безвинно замученными душами ещё не исполнен.

В этой связи полагаем необходимым Министерству иностранных дел начать



работу по признанию Ашаршылық фактом геноцида на международном уровне, включая ООН, ОБСЕ, Конгресс США, Европарламент и др.

Не случайно до сих пор не оправданы и те сотни героюв, которые не пожелали безучастно наблюдать за гибелью своих аулов и своего народа, брались за оружие и выступали против тоталитарной, людоедской власти. На них по-прежнему висит издевательское клеймо «басмачей».

По данным историков, в годы страшного голода произошло более 300 восстаний казахов в разных концах Великой степи. В памяти народа ещё живы предания о героях Сарканди, Балхажы, Казалингер, Каракумского, Иргизского, Атбасарского, Сарысуского, Сузакского, Адайского, Шубартауского, Бостандыкского и многих других восстаний.

По дошедшим до нас рассказам ста-

риков, регулярные войска большевиков расстреливали посмевавших поднять голову казахские роды из артиллерии, бомбили уходившие аулы с аэроплана, а застигнутые на границе кочевья беженцев косили из пулемётов вместе с женщинами и детьми, как бессловесный скот.

Так, хотя жива народная молва в Восточном Казахстане о событии, называемом «Ак-найман қырғыны» («гибель целого рода Ак-найман») на границе с Китаем, официально оно никем не признано, а сама пограничная застава до последнего времени носила имя красного командира, командовавшего этим расстрелом.

В 2012 г. при строительстве пограничного перехода «Қарасу», на берегу реки Чу были обнаружены останки группы женщин и детей, по рассказам местных стариков, расстрелянных в 30-е годы при бегстве из родных краёв. Наверное, их тоже посчитали

«бунтовщиками». И такие страшные тайны хранят не только Иртыш и Чу, но и земли Семиречья, Сырдарья, Каспия...

Нужным отметить, что точно так же жертвами голода и репрессий становились мирные граждане и прогрессивная интеллигенция всех этносов Казахской Республики, включая русских, украинцев, узбеков, уйгуров, татар, киргиз и т.д.

Пришло время раскрывать имеющиеся документы о таких преступлениях, сделать открытыми и доступными для исследователей, а тысячам их известных и безымянных жертв вернуть запоздалую справедливость.

Вместе с тем, как можно видеть, в последние годы некоторыми «деятелями» делаются попытки, напротив, мифологизировать и пропагандировать сталинизм. В этой связи Демократическая партия «Ак жол» считает, что принцип декоммунизации должен стать составной частью государственной политики.

Мы с уважением относимся к убеждениям и взглядам старшего поколения, выросшего на десятилетиях коммунистической пропаганды; высоко ценим их огромный вклад в трудные годы нашего Отечества.

Но повестку дня нынешнего Казахстана должно определять поколение Независимости, сверяющее часы с общечеловеческой цивилизацией, а не с тоталитарной идеологией.

Только полностью осмыслив события голода и репрессий 30-х годов XX в., мы сможем завершить работу, начатую Первым Президентом Н.Назарбаевым в 1993 г. по реабилитации жертв той трагедии.

С уважением,  
депутаты фракции «Ак жол»

## ПОЧЕМУ ВМЕСТО СОКРАЩЕНИЯ ГОСУЧАСТИЯ В БИЗНЕСЕ СОЗДАЮТСЯ НОВЫЕ ГОСПРЕДПРИЯТИЯ?

### ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС МИНИСТРУ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РК ДАЛЕНОВУ Р.Е.

**Уважаемый  
Руслан Ерболатович!**

Ситуация с коронавирусом серьезно затронула деятельность казахстанского бизнеса. Принимаются беспрецедентные меры по восстановлению экономики страны. На заключительном заседании Госкомиссии по чрезвычайному положению 11 мая 2020 г. Президент страны поставил новые задачи по повышению самостоятельности казахстанской экономики и созданию новой ее структуры.

Построение новой структуры экономики потребует, прежде всего, переосмысленные роли государства при осуществлении им предпринимательства, а основной задачей должно быть определение границ государственного предпринимательства.

Целью участия государства в предпринимательстве должна быть помощь в создании новых ниш для бизнеса, возвращение малого и среднего бизнеса, а не конкуренция с ними и зарабатывание денег для своих предприятий.

Ранее предметом ряда наших запросов являлась деятельность коммунальных предприятий и АО «Астанаэнергосервис» и ТОО «Астанинская ЭнергоСбытовая Компания».

Решение городского акимата о ликвидации данных предприятий подтвердило факт, что работа данных посредников при оказании коммунальных услуг была экономически неэффективна.

Деятельность государственной энергоснабжающей организации (ЭСО) на конку-

рентном рынке в нарушение ограничений, предусмотренных Предпринимательским кодексом, приводит к организации частных энергоснабжающих предприятий, потери работы нескольких тысяч работников и повышению цен на тарифы.

Другой пример — это деятельность ТОО «Астана ЕРЦ», которому постановлением акимата г. Нур-Султан от 30 апреля 2015 г. предоставлено исключительное право на рассылку квитанций по отопительным услугам. Это прямо противоречит Предпринимательскому кодексу и препятствует выходу субъектам бизнеса на столичный рынок биллинговых услуг.

Пользуясь своим монопольным положением, ТОО «Астана ЕРЦ» в нарушение законов необоснованно взимает деньги с отдельных лиц, освобождая от уплаты акиматовские коммунальные предприятия.

В нарушение устава ТОО «Астана ЕРЦ» размещает на депозитах банков свободные денежные средства на сумму — 550 млн. тенге. Антимонопольным органом в действиях ТОО «Астана ЕРЦ» выявлены и другие факты злоупотребления своим монопольным положением в виде применения разных цен на свои услуги.

Эти и другие факты показывают незаинтересованность госорганов в потере созданных ими компаний, осуществляющих деятельность на частных конкурентных рынках. Очевидно, что речь идет о контроле над денежными потоками этих предприятий и распределении выделяемых государственных субсидий.

О сопротивлении местных исполнительных органов (МИО) говорит тот факт, что вместо ликвидированного акиматов-

ского ТОО «Астанинская ЭнергоСбытовая Компания», сразу появилось новое ТОО «Астана калалык жарық», осуществляющее энергоснабжение преимущественно юридических лиц столицы с более высокими тарифами, как и его предшественник.

При этом частное ТОО «Астанаэнергосбыт», обслуживающее в основном население столицы с более низкими тарифами, будет вынуждено выйти с повышением тарифов, так как юридические лица с более высокими тарифами вновь оказались в акиматовской кампании, т.е. ликвидация ТОО «Астанинская ЭнергоСбытовая Компания» ничего не изменила.

Вместо сокращения государственного участия в бизнесе мы создаем новые госпредприятия, вместо демополизации рынков мы создаем новых частных монополистов. Взамен создания рыночной, инвестиционно-привлекательной экономики мы увлекаемся ценовым регулированием.

На основании вышеизложенного фракция ДПК «Ак жол» считает необходимым:

— разработать концепцию целей и задач государственного участия в предпринимательстве;

— обеспечить перечень приватизируемых госпредприятий и организаций без права внесения в него корректировок;

— обеспечить упразднение всех коммунальных предприятий, где на рынке уже действуют частные компании с передачей имущества и трудовых коллективов в конкурентный рынок.

С уважением,  
Депутаты фракции  
ДПК «Ак жол»

Пресс-служба «Ак жола»

## ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ ЗАКОНЫ ПО ВОПРОСАМ ПАРЛАМЕНТСКОЙ ОППОЗИЦИИ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев подписал законы по вопросам парламентской оппозиции, сообщила пресс-служба Акорды.

«Главой государства подписан закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в закон Республики Казахстан «О комитетах и комиссиях парламента Республики Казахстан», — говорится в сообщении во вторник.

Также Токаев подписал Конституционный закон Республики Казахстан «О внесении дополнений в Конституционный закон Республики Казахстан «О парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

Данные законопроекты в рамках депутатской инициативы были предложены фракцией ДПК «Ак жол» в мажилисе парламента РК.

«Данные законопроекты, направленные на создание парламентской оппозиции, важны для парламентской системы и приведут к ее глубокому тектоническим изменениям. Они создадут условия для развития прогрессивного общества и власти парламента», — сказал депутат мажилиса парламента РК Азат Перуашев на заседании сената 28 мая.

Тогда он добавил, что с принятием законов парламентская оппозиция получит право инициировать парламентские слушания, формировать повестку правительственного часа в стенах парламента, выдвигать своих представителей на должности секретарей и председателей комитетов палат парламента.

КазТАГ

Ұлы ақын, дана ойшыл, қазақтың жаңа тарихи дәуіріндегі реалистік жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркеніеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы болып табылады. Абайдың әдеби мұрасының дүниежүзілік мәні де зор, қазір оны көптеген елдер өз тілдеріне аударып, бірқатары тіпті оқулықтарына да енгізген. Ұлтымыздың мақтанышына айналған Абай Құнанбайұлының биыл 175 жылдық мерейтойы. Халықтың қалауымен, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың және халықаралық ұйымдардың қолдауымен бұл айтулы мерейтой тек қана біздің мемлекеттің деңгейінде ғана емес, бүкіл Түркі әлемі, ЮНЕСКО көлемінде атап өтілмекші. Қазірдің өзінде елімізде, өзге де мемлекеттерде осы айтулы датаға орай іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осының өзі Абай шығармаларының жер жүзіне танымалдығын анық аңғартса керек.



# ТОЙДЫҢ БОЛАДЫСЫ ҚЫЗЫҚ



«Тойдың болғанынан боладысы қызық» – дейді халық даналығы. Бұл нақылдың терең мағынасы бар. Мәселе бір күнде немесе бір аптада өткізілетін тойдың өзінде ғана емес. Абай мерейтойына дайындықтың өзі үлкен рухани серпіліс пен ерекше құлшыныс тудырып отырғанын атап өткеніміз жөн. Бүкіл Алаштың ортақ тойы болғанмен, Ұлы Абайдың жерлестері шығысқазақстандықтар үшін бұл айрықша мереке. Былтырдан басталған дайындық жұмыстары мерейтой жақындаған сайын қарқынды алып, қызу жүргізіліп жатыр. «Той десе қу бас домалайды» демекші, әлемнің көптеген елдерінен шақырылған шетелдік және еліміздің түкпір-түкпірінен келетін мыңдаған қонақтардың лайықты жұмсауда.

Семей қаласы қашанда қазақтың рухани-мәдени орталығы болғаны белгілі. Сондықтан да мемлекет басшысы бұл көне шаһарға «Семей қаласы тарихи орталық» деген ерекше мәртебе берген болатын. Ал, ұлы Абайдың өмірі Семей қаласымен тығыз байланысты. Сол себепті дайындық жұмыстары Семей қаласынан бастау алды. Абайға қатысы бар барлық тарихи дүниелерді сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізу бүгінгілердің парызы. Осы мақсатта Абай мұражайын қайта жөндеп, ғылыми-тарихи деректермен толықтыра түсуде. Қазақ мәдениетінің негізгі саласының бірі – театр. Ең алғаш Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» драмасымен шымылдығын ашқан Абай атындағы мемлекеттік музыкалық-драма театрындағы жөндеу-жаңарту жұмыстары шілде айында аяқталмақшы. Осы бір игі шараны мәдениет

қайраткерлер мен өнерсүйер қала тұрғындары көптен күткен еді. Енді ақын атындағы театр заманауи жаңа келбетке ие болып, көптеген маңызды іс-шараларды да өткізетін орынға, шын мәніндегі мәдени ошаққа айналады. Сөйтіп Семей қаласының өзінің ежелгі мәдени-тарихи орталық екенін нақтылай түседі.

Абай атындағы алаңды жөндеп, жаңарту жұмыстарын Семей қаласы әкімдігі өз мойнына алып, облыстық бюджет қаржысымен іске асырмақшы. Бұл жұмысты олар ұзаққа созылатын қыстан соң, көктемде күн жылысымен сәуір айының ортасынан бастап кеткен-ді. Ескі орындықтар, жолжиек тастар мен басқа да ұсқынын жоғалтқан қондырғылар алынып тасталып, демалушыларға жайлы болу үшін бәрін жаңалап жатыр. Жарық жеткізетін желілер жүргізіліп, көлікке және жаяу жүргіншілерге арналған асфальт жолдар жаңартылды. Күрделі жұмыс тамаз айына дейін аяқталады деп жоспарланған.

Қасиетті Семей жерінің қай түкпірі болмасын Абай есімімен байланысты десек артық емес. Соның бірі – «Жиделі-Бөрібайдағы» Абай ақынның мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы. Мұнда да негізгі жұмыстар аяқталып, ішкі әрлеу жүргізілуде. Оны да шілде айында аяқтау көзделіп отыр.

Облыстағы Абай ауаданынан ақын, жазушы, тарихшы, философ Шәкәрім Құдайбердиев, классик жазушы Мұхтар Әуезов секілді еліміздің атын әлемге паш еткен көптеген белгілі тұлғалар шыққан. Әр жылдарда бұл ауданда өздерінің атақты жерлестерінің туған күндері аталып өтеді. Ұлы ақынның бүкіл ғұмыры осы киелі мекенде өткен. Абайдың ақын шәкірттері де көп болғаны белгілі, олар ұстаздарына еліктей жүріп өздері де өлең жазып, қазақ әдебиетіне үлестерін қосқан. Бұл туралы абайтанушы Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың ақын шәкірттері» атты еңбегінен жақсы білеміз.

Қарауылдағы Абай атындағы мәдениет және демалыс бағы құрылысы ең күрделі және көлемді жұмыс болмақшы. Ат-



шаптырым алқапты алып жатқан аумақ тазартылып, тегістеліп 11,2 мың тонна құнарлы топырақ әкелініп, жеті жүзге жуық түрлі ағаштар отырғызылды. Су құбырларын жүргізу толығымен аяқталды. Қазір жоспарланған 4900 метр электр желісі мен 1700 метр қоршау орнату жұмыстары жартылай орындалған. 30 түрлі техника мен 70 жұмысшы мамандар қарқынды жұмыс істеп шілде айының 10-да толықтай атқарып шықпақшы. Бұл жаба тарихи және қазіргі заманауи сәулетшілік өнер үндестік тапқан республикамыздағы бірінші ауқымды мәдени-тарихи кешен.

Айта кетелік, ЮНЕСКО деңгейінде Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойы осы Қарауылда өткен болатын. Әрине, тәуелсіздік алғанымызға көп бола қоймаған сол жылдарда мұнда коммуникациялар жүргізуге, инфрақұрылым салуға мүмкіндіктер болмағаны белгілі. Өйткені ел экономикасы жөнді қалыптаспаған ауыр кезең болатын. Бүгінгі жағдай мүлдем басқа, егеменді ел атқанымызға отыз жылдық мерейтойына Ұлы Абайдың құрметіне осынау алып мәдени-тарихи кешенді салуға қаражат жеткілікті. Алдымыздағы тойға арналып 250 киіз үйден тұратын қалашық орнатылып, «Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері» атты ауқымды көрме ұйымдастырылмақшы. Осы арқылы шетелдік қонақтар еліміздің және шұғылалы Шығыс аймағының тарихын

тереңірек білуге мүмкіндік алады. Әрине, міндетті түрде ұлы ақынның театрланған шығармаларымен танысып, концерттік бағдарламалар мен ұлттық ойындарды тамашалай алады.

Қарауылтөбедегі ауқымды Абай бағы кейін тұрғындардың демалыс орнына, мәдени іс-шараларды өткізетін, жастардың бос уақытында спортпен айналысуына мол мүмкіндіктер береді. Алдында айтқандай, Абай ауданынан шыққан Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезов сияқты тұлғалардың да мерей-тойларын лайықты өткізуге болады.

Бұл аймақтағы тағы бір қас-терлі өңір – «Сырт Қасқабулак», мұнда Абайдың мемориалдық кешені орналасқан. Ұлы Абайды құрмет тұтатын адамдар алдымен осында аялдайды. Мереке қарсаңында кешенді жаңарту жұмыстарының басым бөлігі еңсерілген. Алаң абаттандырылып, 70 түп шырша, 130 түп терек ағаштары отырғызылды. Айналасына жалпы ұзындығы 600 нақышты негізге алып құрылған кешен шетелдік туристерді қызықтырары сөзсіз. Бір ерекшелігі, кешенде Абайдың ұлағаты мол атақты 45 қара сөзі жазылған стеллалар орнатылады. Оның жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиіркенуге, өмірлік дұрыс көзқарас қалыптастыруға, ересектердің де рухани дамуына жол сілтері анық.

Ақшоқы ауылында ұлы ақынның әкесі Құнанбай Өскенбайұлына арналған мұражай құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Оны шілде айының алғашқы онкүндігінде пайдалануға бермекші.

Сол сияқты көпшілікке жақсы таныс «Абай-Шәкәрім» кешені аумағында да ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Абай соңына әрбір сөзі нақылға айналған өшпестей мол мұра қалдырған қазақ ұлтының ұстазы, ұлы ақыны болса, Шәкәрім оның інісі, ізбасары, ұлт тарихын терең зерттеген ғұлама, философ. Тағдырдың екі дүниеде де ажырамастай тоғыстыруы болар, Алаштың екі алыбы да осы Жидебайда жерленген. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» – дейтін қазақ атаулы бұл жерді ерекше қастерлейді, алыс-жақыннан келіп зиарат етеді. Алып кешен алаңын абаттандыру үшін 200 түп шырша, 1 мың дана терек ағаштары отырғызылған. Электр желілерін жүргізу, көлік және жаяу жүргіншілер жол құрылысының жартысынан көбі атқарылған. Қонақтар көлігіне арнап 3755 шаршы метрлік көліктің аяқталуы бұл тарихи-мәдени, әдеби-мемориалдық кешен Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірі мен баға жетпес шығармаларынан мол сыр шертеді. Жидебайдағы кешенді салудың мақсаты – Абай мұраларын сақтап, ұлтымыздың рухани байлығын толықтыра түсу болып табылады.

Кезінде облыс орталығы болып, кейін ол мәртебесінен айырылған Семей қаласы қайта түлей бастады деуге болады. Қазақтың тарихи орталығы атанып, Абай мерекесіне орай көптеген жаңарту жұмыстары атқарылып жатыр. Бұл өлке біздің терең тарихымыздың куәгері, қасиетті топырағында әдебиет, мәдениетіміздің ірі тұлғалары туып-өскен. Ұлы тұлғаларды дүниеге әкелген қасиетті аймаққа тиісті.

Той өтетін тамыз айы да таяп келеді. Алаш жұртының басты назары еліміздің шығысына ауған, сол бір мерейлі мерекені бәрі де асыға күтеді. Ұлы дала бүгіннің өзінде ерекше бір дүбiрге бөленгендей. Ол ұлы тойдың дүбiрi. Алаштың әлемге әйгiлi Абайының тойы...

# ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ

Алматы облысының Дін істері басқармасының бастамасымен аймақта діни экстремизм мен терроризмге қарсы жүйелі жұмыстың жүргізіліп келе жатқаны көпшілікке мәлім. Бұл бағытта ауқымды істердің атқарылуына Бақыт Оңланбекұлы басқаратын «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығының» зор үлес қосып келе жатқаны белгілі. Осынау орталықтың жұмысымен оқырман қауымды толығырақ таныстыруды жөн санадық.

## МАҚСАТ – АЙҚЫН, МІНДЕТ – ЗОР

«Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығы» 2017 жылдың 26 сәуір күні Қазақстан Халқы Ассамблеясының 25 сессиясындағы Елбасының Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталықтарын ашу жөніндегі тікелей тапсырмасын орындау мақсатында Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсанындағы №596 қаулысымен Алматы облысының Дін істері басқармасы ММ «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз жұмысын бастады.

Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалтуды көздеген орталықтың мақсат міндеттеріне:

– Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларына теологиялық, психологиялық, құқықтық және практикалық көмек көрсету;

– Радикалды және деструктивті діни идеология ұстанушыларымен нүктелі ақпараттық-түсіндіру, оңалту жұмыстарын жүргізу;

– Радикалды және деструктивті діни ағымдардың ықпалына шалдыққандармен психологиялық қоректендіру және қоғамға қайта бейімдеу шараларын үйлестіру;

– Діни себептермен екпеден, қан құюдан, білім беру мекемелерінде бірыңғай киім киюден, әскери борыштан және тағы сол сияқты зайырлы мемлекеттің ұстанымдарынан бас тартқандармен нүктелі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

– Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты түзеу мекемелерінде экстремистік және террористік қылмыстары үшін жазаларын өтеп жатқан және өтеп шыққан азаматтармен ақпараттық-түсіндіру, оңалту, сондай-ақ қоғамға қайта бейімдеу жұмыстарын жүргізу;

– «Жусан» арнайы гуманитарлық операциясы шеңберінде террористік белсенді аймақтардан қайтарылған өмір азаматтарымен тиісті теологиялық оңалту, психологиялық бейімдеу және әлеуметтендіру жұмыстарын ұйымдастыру;

– Орталықтың «8-800-080-2895» сенім телефонына келіп тұсқан қоңырауларға кеңесшілік қызмет көрсету;

– Ғаламтор кеңістігінде қарсы насихаттау (контрпропаганда) шараларын атқару

мәселелері кіреді. Жалпы айтқанда, «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығының» мақсаты – айқын, міндеті зор.

Ағымдағы жағдайға талдау жүргізу, деструктивті діни ағым жақтаушылары көп шоғырланған жерлерде адресстік ақпараттық түсіндіру жұмыстарын атқару, ғаламтор кеңістігінде қарсы насихаттау шаралары жүзеге асыру, біліктілігі жоғары кадрларды даярлау, деструктивті және радикалды идеологияның жақтастарын оңалту фактілерінің қорытындысына жұмысты тобы арқылы бағалау жүргізу, оңалту және дерадикаландыру шараларын жүзеге асыру орталықтың негізгі басым бағыттары болып табылады. Аталмыш бағыттарды жүзеге асыра отырып, орталық жұмысы қоғамдағы ең бір өзекті мәселе – діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту ісіне зор үлес қосып отыр. Нәтижесінде Алматы облысының аумағында деструктивті ағым ұстанушыларының саны азайып келе жатыр. Мұның өзі қоғамның оң бағытқа бет бұруы екені сөзсіз.

## ОҢАЛТУДЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

Орталықтың басты мақсаты – діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту екендігін жоғарыда атап көрсеттік. «Деструктивті діни ағымдар ұстанушыларының санын азайту» нысаналы индикаторының оң нәтижесіне қол жеткізу үшін



заман талабына сай оңалту жұмыстарының озық үлгісі қолданылып келеді.

Бұл тұрғыда орталықтың бөлім басшысы Ерауел Матаев: «Оңалту жұмыстарының озық үлгісі ретінде бірінші, ререамобиль (религиозный реабилитационный автомобиль) қолданылуда. Ререамобиль автокөлігі – ақпараттық түсіндіру, оңалту және психокоррекциялық жұмыстарды көшпелі түрде жүргізуге арналып, арнайы жабдықталған көлік. Аталмыш көлік жұмыстың тиімді нысандарының бірі

ретінде қаралған. Көлік мультимедиялық аппаратурамен, жұмыс үстелімен, тарау материалдарына арналған сөрелермен жабдықталып, жұмыс жүргізу үшін ыңғайлы және еркін жағдай жасалған.

Сондай-ақ, осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында психологиялық коррекция (рекреация) кабинеті жұмыс істейді. Бұл кабинет деструктивті діни ағым өкілдерімен оңалту жұмысы кезінде оң психологиялық климат құру үшін белгіленген талаптарға сәйкес арнайы жасақталған. Аталмыш жұмыс бөлмесі оңалту процесіндегі тұлғалар үшін демалыс кездерін қарастыратын және үздіксіз режимде мақсатты жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы жиһазбен (трансформер) жабдықталған.

Сондай-ақ, оңалту бағытындағы жұмыстарды одан әрі ілгерілету мақсатында Алматы



өңірі бойынша «дислокациялық» сектор жұмыс істейді. Аталмыш «дислокациялық» сектор Алматы қаласының маңындағы аудандарда (Жамбыл, Қарасай, Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары мен Қашағай қаласы) аудан әрекет ету және тиісті органдармен өзара тікелей іс-қимыл жасайды. Сектор деструктивті діни ағым әдептерімен оңалту жұмыстарын тиімді жүзеге асырады. Сондай-ақ, Алматы қаласы мен ішкі көші-кон мәселелерін реттеуге мүмкіндік береді. Мұнда арнайы біліктілігі жоғары теолог-мамандар қызмет атқарады», – дейді.

## ИСЛАМ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ДІНІ

«Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығының» мамандары Алматы облысында орналасқан түзету мекемелерімен де тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Аталмыш мекемелердегі жазасын өтеушілермен рухани тәрбиелеу шараларын өткізу де орталықтың негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Атап айтқанда, орталық мамандары түзету мекемелеріндегі жазасын өтеушілермен апта сайын кездесіп, олардың қоғамға бейімделуіне ықпал етеді.

Кездесу барысында әр азаматтың діни деңгейі мен ақпарат қабылдау ерекшеліктеріне қарай ислам дініндегі

өзекті мәселелерге айналған ақида (сенім), фикһ (амал), жихад, мазһаб ұстану, халифат, басшыға бағыну және көркем мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған қағидаттар түсіндіріледі. Шарияттағы көпшілікпен бірге болу, ортаға бүлік салмау қағидаттарының мәні кеңінен талданып, террористік ұйымдардың әрекеттері мен ұстанымдары толығымен ислам дінінің негіздеріне қайшы екендігіне дәлел-дәйектер келтіріледі.

Жұмыстардың нәтижесінде жазасын өтеуші азаматтар радикалды идеологиядан толық бас тартып, діни көзқарасы дәстүрлі исламның құндылықтарына бейімделе бастайды. Сондай-ақ, түзеу мекемелерінде жыл басынан топтық та ақпараттық түсіндіру шаралары атқарылады. Қазақ және орыс тілдерінде ұйымдастырылған топтық негіздегі іс-шараларға арнайы есептегі азаматтармен

тарихи-мәдени ұлттық дәстүрді жаңғырту, сондай-ақ, түзеу мекемелерінде моральдық-климаттық жағдайды жақсарту мақсатында арнайы іс-шаралар өткізіліп тұрады. Атап айтқанда, оңалту орталығы тарапынан облыс аумағындағы түзеу мекемелерінде діндер жазасын өтеушілер арасында спорттың 6 түрінен (шағын-футбол, устел теннисі, шахмат, дойбы, гир көтеру, жеңіл атлетика) жазғы спартакиада ұйымдастырылады. Және сотталған азаматтар мен азаматшалар белсенді түрде қатысып, озық шыққандарға жүлделі сыйлықтар табыс етіледі.

Сондай-ақ, орталықта психологиялық коррекция және әлеуметтік бейімдеу ісі жолға қойылған.

Жалпы психологиялық коррекция және әлеуметтік бейімдеу жұмыстарының негізгі мақсаты – жоғалған қарым-қатынас дағдыларын қалпына келтіру, өзіндік бағасын және өзіндік сана-сезімін жоғарылату, құндылық бағдарларын реттеу немесе қайта орнықтыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының тұжырымдамасын іске асыру бойынша 2018-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау аясында қала, аудандарда теологтар тарапынан деструктивті діни ағым ұстанушылармен ақпараттық-түсіндіру, оңалту шаралары ұйымдастырылып, психологиялық контент-талдау жұмыстары жасалады.

Ал, әлеуметтік бейімдеу жұмыстары 2 бағыттан тұрады. Біріншісі – нысаналы ұзақ мерзімді әлеуметтендіру шаралары. Оларға:

Кәсіптік курстар ұйымдастыру;

Білім беру курстарына тарту;

Жеке қызғушылыққа қатысты курстарға тарту;

Кенес беру шаралары;

Табыс көзі ретіндегі шаралар ұйымдастыру;

Қайырымдылық шаралармен қамту жұмыстары жатады.

Ал, екінші бағыт бойынша мекен-жай тіркеуіне тұрғызу, тұрғын үй кезегіне тұрғызу, балаларына жәрдемақы тағайындау, балаларын балабақшаға орналастыру, емхана тіркеуіне, аурухана порталдары кезегіне тұрғызу, түрмедегі жұбайымен кездесу шараларын ұйымдастыру, жұмысқа орналастыру сынды қысқа мерзімді әлеуметтендіру шаралары жүзеге асады.

## ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ОҢ НӘТИЖЕ БЕРІП КЕЛЕДІ

Алматы қаласының ірі мегаполисіне іргелес аудандарда консультативтік органдармен жедел өзара іс-қимыл және Алматы қаласынан ішкі көші-кон мәселелерін реттеу үшін Оңалту орталығына қарасты «Алматы өңірлік сектор» жұмыс істейді.

Алматы облысына қарасты Еңбекшіқазақ, Талғар, Қарасай, Жамбыл, Іле аудандарындағы деструктивті діни ағым жақ-

# ОҢДЫ ІСТЕР

тастарымен «Алматы дислокациялық секторы» жұмыс істейді. Өткен жылы Қазақстан Дін істері комитеті өткізген оналту саласындағы қызмет нәтижелерін бағалау бойынша жүргізілген мониторингке сәйкес, «Алматы өңірлік сектордың» теолог-мамандары М. Әшімхан мен Е.Аққожа республикалық деңгейде деструктивті діни ағым жақтаушылары және радикалды ұстанушыларды оналту саны бойынша 2019 жылғы ҚР Президент әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаевтың оң бағасын алды. Мұның өзі жүйелі түрде жүргізілген жұмыстың оң нәтижесі екендігі сөзсіз.

Діни алауыздықты немесе араздықты тудыруға бағытталған экстремистік идеяларды жақтайтын адамдар санын азайту бойынша Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жеріндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында биылғы жылы 35% азайту мақсаты көзделген болатын. Осыған орай қазір орталық тарапынан аталған межесі 13% (пайыз) орындалып, жыл соңына дейін толық бағдарламада көрсетілген межеге жету жоспарланып отыр.

«Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оналту орталығының» үздіксіз жүргізіп келе жатқан жұмыстары қоғамдағы ең маңызды игі істердің бірі екендігін атап айтқандығымыз жөн. Бұл тұрғыда оқырман қауымға түсінікті болуы үшін оналту жұмыстарының қандай кезеңдерден тұратындығын тарқатып айтуға тиіспіз. Атап айтқанда, оналту кезеңі үш негізгі кезеңнен тұрады:

Судя по легендам тюркского мира, рог – символ героизма, достатка, богатства и изобилия, развития, отметил Малибеков. Рог символизировал власть, предводительство и смелость.

Удивляющее воображение



Макет герба, который привезли из Ташкента в Алматы на КамАЗе, 28 мая 1992 года

крылатые кони-лани изображены на головном уборе Золотого человека – сакского принца, жившего более двух с половиной тысяч лет назад. В 1969 году на побережье Библиколя, что в Жамбылской области, было найдено высеченное на камне изображение человека в головном уборе с тремя рогами.

«Присмотритесь внимательно: в элементе рога в гербе – семь колец. Они обозначают предков до седьмого колена. Казахи говорят: «Жегі атасын білмеген – жетесіз» (Кто не знает своих предков, тот неуч), – отметил он.

Орнаментом «бараний рог» обозначены две стороны входа в юрту – босага.

В философии казахских орнаментов заложены идеи нравственности, единства, состояния души и мечты, считает Малибеков.



Термин «герб» происходит от немецкого слова das Erbe (наследство) и означает наследственный отличительный знак

## ГДЕ НАЙТИ ЯМОЧКИ НА ЩЕЧКАХ НА ГЕРБЕ

В изготовлении первого проекта герба принимали участие представители одиннадцати национальностей, поделился Малибеков. Помощниками были его сотрудники в Ташкенте.

ЕНУ имени Гумилева. Чертежи, книги, звонки – на карантине профессор, преподаватель Евразийского национального университета Жандарбек Малибеков работает в удаленном режиме.

## ГЕРБ САМ ПРОЛОЖИЛ СЕБЕ ДОРОГУ

Чем дальше вглядываешься в герб, тем отчетливее перед глазами предстает глубокая сакральность элементов.

«До сих пор в моих ушах звенит слова правоведа-академика, общественного деятеля Салыка Зиманова: «Не ищите в гербе политику, ищите историю и традиции», – пишет Жандарбек Малибеков в своей книге «Герб Казахстана».

Единый шанырак – круговое навершие купола юрты – поддерживают 72 языка (вогнутые жерди). В них читается концепция «одна страна, один народ, одна цель» – идея вечного государства – Мәңгілік ел.

«Наш герб сам пробил себе дорогу. На этапе эскиза каждый элемент для тех, кто понимал, говорил сам за себя. Во всем 41 элемент – наша история. Создатель и вдохновитель герба – народ», – подчеркнул автор в интервью.

Сейчас он трудится над авторским направлением в архитектуре – «Ойтек» (Ой тегі – части слова переводятся как «размышление по-казахски» и «национальное происхождение»).

По задумке Малибекова, в зданиях обязательно должен присутствовать национальный колорит. Мотивы «Ойтека», по его мнению, должны стать признаками, характеризующими Казахстан...

Государственный герб переливается в лучах солнца, заполняющих комнату. С цветом золота гармонирует небесно-голубой – символ чистого неба, мира и благополучия. В отличительном знаке нет политической подоплеку и демонстрации силы – только уходящая в глубь веков история народа, самобытная культура и широта души.

Профессор кафедры политологии ЕНУ имени Гумилёва Наталья Калашникова рассказала informburo.kz, зачем нужно ворошить прошлое и разбираться с политическими репрессиями 1930-х.

30 мая президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев поручил создать госкомиссию по реабилитации жертв политических репрессий. Замруководителя Администрации президента Даурен Абаев заявил, что есть потребность в рассмотрении почти 6 000 дел.

Однако цифры могут оказаться больше, поскольку до сих пор нет точных данных, сколько человек расстреляли, осудили и выслали в Казахстан по политическим мотивам. Известно, что только насильственной депортации в нашу страну подверглись свыше пяти миллионов советских граждан. Внутри республики более 100 тысяч человек репрессировали.

Какую работу предстоит проделать государственной комиссии и какой объём материалов из архива Первого Президента уже рассекретили – в интервью с профессором кафедры политологии ЕНУ имени Гумилёва Натальей Калашниковой.

**Наталья КАЛАШНИКОВА:**

# В КАЗАХСТАНЕ НЕТ СЕМЬИ, КОТОРОЙ БЫ НЕ КОСНУЛИСЬ РЕПРЕССИИ

**ВАЖНО СО СВОЕЙ ФАМИЛИИ СТЕРЕТЬ КЛЕЙМО «ВРАГА НАРОДА»**

– Наталья Павловна, насколько актуальна до сих пор реабилитация жертв политических репрессий? Кому и зачем это нужно?

– Для детей и внуков репрессированных важно знать историю своей семьи. Во-первых, чтобы правда восторжествовала. Во-вторых, семья долгое время жила с печатью «враг народа», а это страшное дело. Важно со своей фамилии, имени стереть это клеймо.

Вы только представьте: жён отправляли в лагерь только потому, что они были верными подругами своих мужей. Как это объяснить детям? Многие женщины и после освобождения десятилетиями не говорили ничего детям, боялись.

По прошествии почти ста лет потомки кропотливо занимаются восстановлением белых пятен в истории. На встречах, конференциях люди рассказывают, как собирают собственные фамильные архивы. Ведь нет семьи, которой бы не коснулись репрессии. В каждом доме отца, мать, брата, дядю, деда арестовали и отправили в ссылку.

Раньше люди боялись поднимать эту тему, сейчас стало погрязать в историю. Это смело когда-то было позором, сейчас стало предметом гордости. Я по работе встречалась с дочерьми Турара Рыскулова, Ильяса Жансугурова. Потомки продолжают искать доказательств того, что их родной человек – не враг народа, что зря его расстреляли.

**КАЗАХСТАН ВЗЯЛ НА СЕБЯ МИССИЮ ПО ОБЕЛЕНИЮ ЭТИХ ИМЁН**

– Казахстан, насколько я знаю, уже начал рассекречивать документы о сосланных в лагерь и расстрелянных...

– Все эти страшные вещи тоталитарного режима инициированы руководством Советского Союза. Мы, по сути, не можем отвечать за то, что сделалось то правительством. Но разобравшись в этом чрезвычайно важно, поэтому Казахстан взял на себя миссию по обелению этих имён.

Политику Казахстана по сохранению исторической памяти отметили исследователи разных стран, в том числе потомки репрессированных. Это говорит о том, что наша политика реально действует и находит новые механизмы и инструменты для открытия новых имён и новых фактов.

Ещё в 1993 году Первый Президент Казахстана поручил рассекретить документы. Елбасы открыл доступ к достаточно серьёзным документам, раскрывающим историческую правду тех событий. По нашим данным, 70% информации было рассекречено благодаря политике открытости Казахстана. Материалы обнародованы и начали включаться в научный оборот, но есть ещё не рассекреченные бумаги.

Это всё было под грифом «секретно» – указы, указы о расстреле. Все эти годы никто не мог подходить к этим документам. По мнению потомков во многих государствах бывшего СССР, таких как Россия, Беларусь и другие, нет открытого доступа, там невозможно восстановить историческую справедливость и правду. Именно поэтому люди, которые смогли оправдать имена своих предков, так благодарны Казахстану. Это толерантность казахов и к истории, и к тем людям, которые были сосланы сюда.

**ДЕТЯМ НЕПОНЯТНО, ПОЧЕМУ ГОСУДАРСТВО ИСТРЕБЛЯЛО СВОЙ ЖЕ НАРОД**

– Нужно ли рассказывать нашим детям о кровавых страницах истории, и если да, то как это делать?

– Один из учёных сказал, что после прочтения книги о репрессиях он впал в депрессию. Я ему верю. Эта информация не для слабонервных. Но спор не в цифрах, должен быть фактологический анализ. Мы должны осознать, что произошло, и не повторить ошибок.

Я была в Карлаге (Карагандинский исправительно-трудовой лагерь, один из крупнейших в системе ГУЛАГ НКВД СССР. – Авт.), нам показали ямы, места, где расстреливали. Журналисты спрашивали экскурсоводов, как эту информацию воспринимают дети, нельзя



ли минимизировать контекст. Да, детям нужно об этом говорить, но им непонятно, почему государство истребляло свой же народ.

Одна женщина дважды приезжала в Казахстан из Германии. Ей сейчас больше 80 лет. Она была в детском отделении АЛЖИРа (Акмолинский лагерь жён изменников родины. – Авт.), это свидетель тех лет. Она рассказывала, какая обстановка была в лагере, что делали сотрудники, как жили постояльцы АЛЖИРа. В таких воспоминаниях история восстанавливается по крупицам.

Такие книги читать сложно, трудно. Вы знаете, голливудские фильмы отдыхают по сравнению с тем, что происходило в 30-е годы. Но это мы должны знать, чтобы никогда больше народ такого не пережил.

Есть справочники, монографии о репрессиях. Там только архивные документы и фамилии людей. Нет личного комментария автора. Я считаю, что молодёжи нужно обязательно сопровождение автора с пояснениями. Более того, нужны спецкурсы в колледжах и вузах. Мы хотим, чтобы дети знали историю, но мы со своей стороны должны правильно комментировать её.

**ОДА КАЗАХСКОМУ НАРОДУ**

– Свидетели тех лет пишут воспоминания в книгах?

– Да. Одна из ярых работ – повесть Раисы Голубевой «Курт – драгоценный камень».

Несмотря на страх, казахи за-

кидывали камнями осуждённых в лагерях. Сотрудники ГУЛАГа смеялись, говорили: «Смотрите, как вас даже местное население ненавидит». А одна женщина подобрала белые камни и почувствовала, что они пахнут молоком. Это оказался курт.

Местные тайно забрасывали еду на территорию лагеря, а заключённые собирали курт по крупицам и так выжили. Раиса Голубева написала поэму, которая стала одой казахскому народу. Она записала ещё воспоминания узниц, в том числе тех, кто давно переехал из Казахстана. Толерантность и сострадание казахского народа помогли многим выжить в суровое время.

**СЧИТАЛОСЬ, ЧТО ЧЕМ СТРАШНЕЕ УСЛОВИЯ, ТЕМ ХУЖЕ ДЛЯ ЛЮДЕЙ**

– Почему именно Казахстан стал местом концентрации лагерей?

– Казахстан был мощным подразделением ГУЛАГа (Главное управление исправительно-трудовых лагерей. – Авт.): у нас 26 точек лагерей (Карлаг, Светлаг, Жазлаг, АЛЖИР и пр.). Для одной страны это очень много. Историки подчёркивают, что это вынужденная особенность. Сюда переселили представителей 62 национальностей. Практически весь Кавказ был принудительно депортирован.

Есть такой термин «насильственная депортация». Почему их именно сюда отправили? Потому что здесь были ужасные условия. Считалось, что чем страшнее условия, тем хуже для людей, они просто не выживут. В основном

отправляли в Карагандинскую и Акмолинскую области, в места, практически не приспособленные для выживания человека. В одной Карагандинской – около 6-7 лагерей. Есть и на западе Казахстана – в Актобе, на юге – в Шымкенте.

К работе в лагерях допускались работники НКВД, центральных органов Советского союза. Местное население не привлекали, это было запрещено.

Сколько отправлено и сколько выжило, мы до сих пор не знаем. Когда после смерти Сталина начался процесс реабилитации, многие документы в Казахстане сохранились. Некоторые записи перенесли в Москву под грифом «секретно». Но так как лагеря находились на территории Казахстана, то базовый источник был у нас. Благодаря Елбасы, который с провозглашением независимости объявил об открытости и прозрачности информации, касающейся репрессий, сейчас мы знаем правду о многих людях и событиях.

**ГОСКОМИССИЯ ДОЛЖНА ИЗУЧИТЬ ОГРОМНЫЙ ПЛАСТ ВРЕМЕНИ**

– Какую информацию должна систематизировать созданная госкомиссия? Даурен Абаев считает, что в список должны войти пострадавшие в период с 1910 по 1930 год. Из 500 участников Батпакаринского восстания 1929 года реабилитированы только три человека.

– 1920-1950 годы – это огромный пласт времени. С одной стороны, всего 30 лет для истории – это не много, но для трагических лет, которые изменили судьбу тысяч человек, – это целый период. Я считаю, что комиссия должна заниматься несколькими группами:

1. Политические репрессии.
2. Насильственная депортация народов.
3. Движение «Алаш» и сами алашординцы.
4. Раскулачивание.
5. Голодомор.
6. Спецпереселенцы (немцы, поляки).

Вот сколько общественно значимых событий стоит рассмотреть. Восстания, о которых говорил Даурен Абаев, также требуют дополнительного изучения.

Государственная комиссия, по моему мнению, должна систематизировать ту информацию, которая уже накоплена, дополнить и рассекретить архивы, а потом сделать доступной информацию, которая будет собрана. Чтобы соответствовать времени, необходимо все эти данные оцифровать, чтобы каждый желающий мог узнать правду о тех годах.

Я когда-то предлагала создать электронную базу и сделать её в 3D-формате, чтобы можно было виртуально посещать музеи, мемориальные комплексы на тех точках, где были репрессии.

– Все ли документы рассекречены в архивах? И кто решает, какие из них останутся под грифом «секретно»?

– Я думаю, что решение принимают учёные советом. В архиве осталось всего 30% документов. Как раз одна из задач государственной комиссии в том, чтобы пролить свет на всю информацию и сделать так, чтобы она была доступна всем.

– Сколько времени понадобится госкомиссии для изучения и систематизации документов?

– Полагаю, что пяти лет комиссии будет достаточно.

Жанна ХАБДУЛХАБАР

Адамзат қоғамымен қатар жаралып, адам болмысымен біте қайнасаң, ешқашан ескірмейтін бірқатар рухани құндылықтар жүйесі бар екені белгілі. Сондай негізгі жүйелердің бірегейі – дін. Дін тек адамзаттың сеніміне ғана емес, моральдық, адамгершілік, рухани даму мәселесіне де тікелей қатысты. Мораль мен адамгершілік тірегі ізгі ұстаным болса, ұстанымның тұтқасы – сенім. Адам белгілі бір мақсатқа жетемін деген сеніммен ғұмыр кешеді, онсыз өмірдің мән-мағынасы болмай қалады.

Кешегі қызыл коммунизм кезіндегі идеология дін атаулыға шектеу қойып, адамдарды атеистік бағытқа күштеп бет бұрғызған саясат салдарынан біз өз діни сенімімізді жоғалтып ала жаздағанымыз рас. Құдайға шүкір, егеменді ел атанып ата-балаларымыз ұстанған Ислам дініне қайта ден қойдық, демек өз сенімімізге қайта ие болдық. Енді сол сенімге селкеу түсірмей, кейбір жат ағымдардың жетегіне түсіп кетпей тура жүру мақсаты тұр алдымызда. Мынандай әлемде орын алып жатқан арандатуға негізделген идеологиялық айқас кезінде ол да оңай емес екеніне көз жеткізіп отырмыз.

Демократиялық қоғамда дін міндетті мемлекеттік мәртебеге ие емес, бірақ оның өз орны бар. Конституциямызда «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылық танылады», - делінген. Дін тек идеология ғана емес. Дегенмен, Конституцияның бұл тұжырымдамасы айналамыздағы дүниеге деген, қоғамдағы құбылыстарға деген әртүрлі көзқарастың заң алдында теңдігін, сонымен қатар ешқайсысының анық міндетті еместігін көрсетеді. Сол сияқты Конституцияның «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар», «дінге көзқарасына» байланысты «ешкімді кемсітуге болмайды» деген қағидаларына сәйкес мемлекет азаматтардың дінге қатынасына, дін таңдауына, балаларының да дін таңдауына араласпайды, мемлекеттік органдардың жұмысын діни бірлестіктерге жүктемейді, діни бірлестіктерді қаржыландырмайды, діни бірлестіктердің жұмысына, егер ол заңға қайшы болмаса, араласпайды, әртүрлі діндегі немесе дінге сенбейтін адамдардың, діни бірлестіктердің өзара сыйластықта, төзімділікте болуына ықпал етеді.

Керек десек, осының бәрі біздің мемлекет саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және осыған ұқсас құжаттарында көрсетілген. Әрине, бұл тұжырымдамалар мен бағдарламаларды мерзімінде орындау ләзім. Бірақ бес саусақ бірдей емес демекші, атқарылу барысы әр жерде әрқилы. Ол қоғамға бағыт-бағдар беріп, жол сілтейтін түрлі мекемелердегі мамандардың біліктілігі мен іскерлігіне байланысты.

Бұл бағытта еліміз бойынша аз жұмыс істеліп жатқан жоқ. Көпұлтты қоғамымызда тұрақтылық пен ынтымақ орнауы осының айғағы. Соның бір мысалы Аламаты облысы Көксу ауданы. Аталмыш ауданда қазір қырық мыңнан аса адам тұрады. Оның құрамында ондаған ұлт өкілдері бар.



# СЕНІМДЕ СЕКЕМ БОЛМАСЫН



Аудандағы 39 елді мекен 9 ауылдық және 1 кенттік әкімшілік округке біріктірілген. Аудан орталығы – Балпық би кенті.

Мұхаммед пайғамбар Алла мен адамдар арасындағы өзінің елшілік қызметіндегі ең маңызды міндетін – «Мен көркем мінез-құлықтарды жетілдіру үшін келгенмін» - деп түсіндірген екен. Мұхаммед пайғамбардың хадисінде «Дін дегеніміз – насихат» деген түсінік бар дейді дін саласының мамандары. Расында да насихаттың негізгі мақсаты – сенімді уағыздай отырып, адам мінезін қалыптастыру мен тәрбиелеуге саяды. Рухани тәрбиеде діннің ықпалы өте зор екенін ғалымдар мен сарапшылар да мойындаған. Әсіресе өмірлік ұстанымы әлі де қалыптаса қоймаған, толқымалы, өтпелі психологиялық кезеңдегі жастар үшін діни-рухани тәрбиенің маңызы өлшеусіз. Осыны ескеріп, аудан бойынша жат ағымның арбауына кетуден қорғау, діни мәселелерді түсіндіру және дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын және 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында мемлекеттік қызметшілерден, аудан имамдарынан, кәсіпорындар бастықтары мен мекеме басшылары, құқық қорғау органдары, білім бөлімінің қызметкерлерінен құралған 12 мүшесі бар ақпараттық-түсіндіру тобы алдынала белгіленген жұмыс жоспарына сәйкес және жоспардан тыс, қосымша түрлі іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Айталық, үстіміздегі жылдың қаңтар айының ортасында Мәмбет ауылының ортасында Мәмбет ауылының кітапханасының оқырмандар за-

лында «Экстремизм мен терроризмге қарсымыз» атты дөңгелек үстел өткізілді. 12 ақпан күні Лабасы ауылдық округі Ж.Егінбаев атындағы орта мектебінде дәп осы тақырыпта «Терроризм мен экстремизмге жол жоқ» атты кеңейтілген кездесу өтті. Екі іс-шараға да ауыл жастарымен бірге ересек тұрғындар да белсене қатысып, өздері кейде түсіне бермейтін көкейдегі сұрақтарын қойып, бүгінгі қауіп-қатердің қайдан келетіні туралы толық мағұлымат алды. Ақпан айының басында Мұқыры ауылы Қ.Жапарбаев атындағы орта мектебінде «Деструктивті идеологияға қарсы имунитет қалыптастыру» атты ашық сұхбат өтті. Мектеп мұғалімдері мен оқушыларды қамтыған бұл жүздесуде де бүгінгі әлемде алаңдаушылық тудырып отырған терроризм мен экстремизм жайында, оның адамзат атаулыға тигізіп отырған кері әсері туралы жан-жақты әңгіме болды. Оның ішінде дінді өз теріс пиғылдарына қарай пайдаланған арандатушылардың жымысқы саясаты мен іс-әрекеттерінің зияны ашық көрсетіліп, түсіндірілді. Осыған ұқсас іс-шаралар аудандағы тағы да бірқатар ауылдарда ұйымдастырылды.

Соңғы жылдар елімізде рухани жаңғыру бағдарламасы жарияланып, тарихымыз бен ұлттық құндылықтарымызға қайта бет бұрып жатырмыз. Біздің айтып отырғанымыз ата-бабаларымыздан жеткен адамгершілік, лайықты мінез-құлық, озық салт-дәстүр мен мәдениет-өнер, үлгілі тәрбие сияқты ұлттық құндылықтар. Біз осыны қалыптастыруға күш салуымыз қажет. Осы мақсатта да ау-

данда бірталай жұмыс атқарылған. Қаңтар айында Балпық би ауылы М.Құрманов атындағы орта мектебінің мәжіліс залында «Ұлттық құндылықтар – қоғам бірлігінің негізі» атты кездесу өткізілді. Ақпанда Балпық би ауылы Н.Алдабергенов атындағы орта мектебінде «Ұстаз ұлы тұлға және Ұрпақ тәрбиесі» тақырыбында кездесу болды. 11 наурыз күні Балпық би ауылы Б.Құндақбаева орта мектебінің мәжіліс залында «Дін және жастар тәрбиесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Бұл кездесулердің бәрі де негізінен ұрпақ тәрбиесіне арналды.

Елімізде жарияланған карантинге байланысты жұмыстарды қашықтықтан жүргізуге тура келді. 17 сәуір күні Көксу ауданының жастар ресурстық орталығымен бірлесіп аудандағы жастарға «ONLINE АҚПАРАТ» Жастар және бас имамы Тақырыббет Еділбек тікелей эфирге шықты. Тікелей эфир барысында тындармандар өздерінің сұрақтарына толық қанды жауаптарын алды. Сол сияқты 25 мамыр күні Жастар ресурстық орталығымен бірлесіп «Қазіргі жастардың дінге көзқарасы» атты тақырыбында ауданның біліктілігі жоғары деңгейлі маман дінтанушы Мақсат Бектеміровпен «ONLINE ақпарат» тікелей эфирде өткізілді. Тікелей эфир барысында әлеуметтік желіні қалай пайдалану керек, жастардың дінге деген көзқарасы жайлы сөз болды.

Бүгінгі біздің қоғам әртүрлі саладағы, оның ішінде діни ақпараттан тапшылық көріп отырған жоқ. Басты мәселе сол ақпараттардың сапасы мен дұрыс деңгейіне байланысты. Кеңестік жүйеден соң бос қалған идеологиялық кеңістікте табыз жылға жуық уақыт бойы түрлі бағыттағы талғаулы-талғаусыз ақпараттар ағымы толассыз жүріп жатыр. Олардың дінге байланыстысының өзін – ғылыми-діни, діни және жалпы рухани ақпараттар деп шартты түрде бөлуге болады. Бұл ақпараттар баспа түрінде ғана емес, қазір электрондық нұсқаларда да таралады. Діни мазмұндағы баспа басылымдарын үш топқа бөлуге болады. Бірінші, ғылыми (негізінен

мемлекеттік бағдарламалар аясында жарық көрген) басылымдар. Екінші, діни басқарма жариялаған басылымдар. Үшінші жеке баспалар тарапынан жарық көрген еңбектер. Соңғысының елеулі бөлігі қазіргі шетел басылымдарынан аударылған еңбектер болып келеді. Міне осы ақпарат құралдарын дұрыс пайдалана білу де өте маңызды. Өйткені олардың қай-қайсысы болсын белгілі бір идеологиялық бағытты ұстанады.

«Аудандық БАҚ-та ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға бағытталған материалдардың жариялауын қамтамасыз етіп, экстремизм мен терроризмді насихаттауға жол бермеу үшін жұмыстар жүргізіліп және қолдау көрсетілуде. Жөкерсу аудандық әлеуметтік желілерінде Instagram 98, Facebook 84, Vkontakte 37 ақпараттар салынды. «Көксу аудандық дін істері», атты парақшаларда жастар арасында дәстүрлі емес және радикалды діни көзқарастардың қатерін түсіндіруге арналған бейнероликтер, бабаларымыз айтқан нақыл сөздер, сұхбат, мақала және басқа форматтағы материалдар орналастыруға жүйелі түрде жұмыстар атқарылып келеді» - дейді Алматы қаласы Нұр Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің «Аударма ісі» факультетін бітірген, Алматы облысы Дін істері басқармасы «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының» біліктілігі жоғары деңгейлі маманы дінтанушы Мақсат Бектеміров. Аудан тұрғындарын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарландыру мақсатында арнайы медиа-жоспар бекітіліп, аудандық «Нұрлы Көксу» газетінде діни тақырыптарға арналған «Иман ашар» айдары ашылып, аталған жоспарға сәйкес ішкі саясат бөлімі және ақпараттық-түсіндіру тобы мен кенес мүшелерінің тарапынан әртүрлі тақырыптағы мақалалар жарияланып тұады. Атап айтар болсақ «Зайырлы мемлекеттегі рухани құндылықтарды қалыптастыру», «Зайырлы мемлекет және жоғары руханият», «Дін – бірліктің рухани тірегі», «Салафиликті ұстанушылардың мемлекет, мәдениет және салт – дәстүрге қатысты ұстанымдары», «Фанатизм дәстүрлі діннің қас жауы», «Абай Құнанбайұлының сенім туралы ойлары», «Бірлікке ұйыған елге береке ұялайды» атты материалдар жарық көрді. Жалпы Көксу ауданы бойынша діни ахуал тұрақты. Сенімге селкеу түсірмес үшін жергілікті мемлекеттік және дін саласы мамандары нәтижелі жұмыс атқарып келеді.

**Еліміздің оңтүстік өдкесіндегі Жетісай ауданы Асықата өңірінің табиғаты да өзгешелеу екені белгілі. Ауыл шаруашылығы өнімдерін, әсересе мақта, тіл үйіпер қауын-қарбыз өсіруге қолайлы құмдауыт топырақты өлкенің батыс тұсы әйгілі Шардара теңізімен шектеседі. Онан әрмен қарай қойнауы құтқа толы қызылдың құмы. Болашақ суретші, бүгінде алпыс жасқа толып отырған ҚР Мәдениет қайраткері Бақыт Сраилов осы өңірде дүниеге келді.**

– Бақыт ес білгелі өзге ауыл балаларынан ерекшеленіп, тұратын, – дейді оның анасы Жаңыл жеңешем. – Арайлап атқан таң, қызарып батқан күн, құс екеш құстың ұшқаны, тіпті илеуіне қарай тізбектеліп бара жатқан құмырсқалардың қимыл-қозғалыстарына дейін тапжылмай қызықтап тамашалаудан жалықпайтын.

Бірде мынадай да қызық болады. – Бақытжан-ау, – дейді анасы, – ауыл шетіндегі жоңышқалықта арқандаулы тұрған сиырларды әкеле салшы, ертерек сауып алып кешкі астың қамына кірісейік.

– Мақұл апа, – деген ол көп ұзамай-ақ жоңышқалыққа келіп сиырларды үйіне қарай бағыттайды. Ауылға дейін олардың соңынан келе жатқан Бақытты жол жиегіндегі беткі қабаты теп-тегіс борпылдақ майлы топырақ қызықтыра түседі. Қолындағы таяғымен оған алғашқы өрнекті салғаны сол еді, барлығын ұмытты. Сонан қиял әлеміне сүнгиді де суреттерді бірінен соң бірін сала береді, сала береді... Өзін бейнебір әлемдегі ең атақты суретшілердей сезінді ме, кім білсін? Қанша уақыт өткенін білмеді, тек күн ұясына батар шақта ғана жан-жағына алақтап қарап сиырлардан іздей бастайды. Ол жануарлар бұған қарап тұрсын ба, әлдеқашан үйдегі қораға байланып Жаңыл жеңгей берген жемді құшарлана жеп жатқанды.

Аулаға еңтігіп кіріп: – Апа, сиырлар келді ме? – болды оның алғашқы сұрағы.

– Иә, әлдеқашан келген. Өзің қайда болдың?

– Суреттер салдым, апа! – Суреттер, ол неғылған суреттер? Мен сені бұзаулы сиырды әкелуге жұмсамап па ем!

– Солайына солай ғой. Бірақ жол жиегіндегі майлы топырақ бейнебір ұшы-қиыры жоқ дәптердің беті секілді теп-тегіс екен. Соған қызығып кетіп оу-өрнектерді, саналуан құстардың суреттерін сала беріппін.

– Ойпырмай, болашақта суретші боламын десеңші. Әкең сені «Менің балам үлкейгенде мықты заңгер болады» деп осы бастан-ақ мақтанып жүр ғой...

Уақыт шіркінде тоқтап бар ма? Зуылдап күнтер, айлар, жылдар өте берді. Бақыттың жасы алтыға толып «Қызыл әскер» ауылындағы С.М.Киров атындағы сегіз жылдық мектептің табалдырығынан аттады.

– Сабақтардың барлығын жақсы оқыдым. Әсіресе сурет сабағын басталатын алдерді асыға күтетінмін, – деп еске алады сонау балалық балғын сәттерін Б.Сраилов. – Бірде алам базардан бір қорап түрлі-түсті қарандаштар алып келді. Сондағы қуанғаным-ай! Олардың ұшын ұштап отырып қайта-қайта иіскегенім күні бүгінгідей жадымда.

Бастауыш сыныптарда оқып жүріп-ақ «Суретші бала» атанған Бақыттың өнерге бейімділігін байқаған ұстаздары оны аудан көлемінде ұйымдастырылатын «Зарница», «Орленок» деп аталған байқауларға да жыл сайын қатыстырып талабын шындай түсті.

Балғын Бақыттың өнерге, әсіресе сурет салуға ерекше құмарлығын, оның шын мәнінде суретшіліктің тылсым сырларын үйренуге ден қойған талантын алғашқы бақыт бейнесінен да ұстазы Арал Сүлеев еді. Сол ұстазының ақыл-кеңесімен сегізжылдықты ойдағыдай тәмәмдаған дарынды бала әкесі Бекмырза екеуі Шымкенттегі Ә.Қастеев атындағы көркемсурет училищесіне құжаттарын тапсыруға берік байлам жасайды. Бақыттың салған суреттері арнайы комиссия мүшелері тарапынан жоғары бағаланып, өзге пән емтихандарынан да сүрінбей өтеді. Ол сту-

# ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІНІҢ БИІГІ



дент! Бұған ата-анасы, әсіресе Гүлсім әжесінің ерекше қуанғаны әлі есінде.

Оқу орнының қабырғасында оларға Батыр Өтепов, Нұрлан Шилибаев, Қуаныш Маликов, Амангелді Тұрсынов сияқты тәжірибелі ұстаздары дәріс берді. Бірде сабақ үстінде ұстазы Марат Қалқабаяв Бақыттың салған суреттерін ерекше бір қуанышпен қолына алады да:

– Мына суреттерді көріңдер! Мұны Бақыт Сраилов салған. Қандай әдемі, ә? Сызықты суреттерді осылай салу керек, үйренгендерің жөн, – дейді.

Өте талапшыл, тіпті кейде тым қатал да көрінетін Мұрат ағайының көптің алдында бұлағына бөлек жара мақтағанына алғашында сәл қысылғаны да бар. Кейін келе оның санқырлы жанрларда салған суреттері өзгелерге үлгі ретінде оқу орнындағы көрнекі тақтаға жиі ілінетінде болды.

Осылайша жылдан-жылға Тәжірибесімен білімі толықсыған Бақыт Бекмырзаұлы өнер деген киелі өлкеге нық сеніммен қадам басты. Дегенмен әлі алма білім мен ізденуге, шығармашылыққа толы өмірдің сан тарау жолдары жатты. Суретші мамандығының да түрлі бағыты, жанрлары болатынын бұл саладан хабары барлар жақсы біледі. Бақыт та училищені ойдағыдай аяқтаған соң мамандығы бойынша еңбек етті. Живописмен айналысып, портрет салуды да қолға алды. Бірақ оның ішкі сезім иірімдеріне, табиғатына тылсым бір дүние жетпейтіндей күй кешетін. Мұны ол өзі туған өлкедегі Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының қойылымдарын тамашалап әніпте ағаларының жұмыстарымен танысқанға тапқандай да болды. «Мен де болашақта театрда еңбек етіп, көрермендердің ілтипатына бөленсем» деген сыңайдағы тәтті ойлар бірте-бірте жас суретшінің армандарына қанат бітіре бастады. Мұның үшін іздену өз алдына, оқу керектігін саналы жас іштей пайымдады. Сөйтіп 1979 жылы Алматыдағы мемлекеттік театр көркемсурет институтының табалдырығын атап студент болды.

Әрине, мұндай жұлдызды орта, институт қабырғасында алған дәйекті білімі Мырзашәлдік жас талантқа да оң әсер етті. Оны өнердің биік шыңдарына талпындырып, асқақ армандарға жетеледі. Ол театрдың, жалпы өнер атаулының адамзаттың жан-жақты гармониялық тұрғыдан дамуында айрықша маңызды боларына айқын көз жеткізді. Осылайша жас студент, болашақ елімізге белгілі суретші – сценарист алдына тың мақсаттар қойып, соларға бірте-бірте жету үшін уақытпен санаспай еңбектенді. Төрт жылды қамтыған студенттік алтын дәуір де зуылдап өте шықты. Соңғы 1983 жылы ұстаздары «Дипломдық жұмыстарыңды қорғайсыңдар» деп нақты талап пен тапсырмалар берді. Бақыт туған жеріндегі Жетісай драма театрына келді. Сол тұста А.Оңалбаев театрдың бас режиссері, талантты да талапшыл маман Т.Әшімов режиссері еді. Тұрғанбек ағасы Бақытты жақсы таниды. Мұның үстіне жас сценаристтың ой-өрісі мен шеберлігіне де қанық. Ол көп ойланбай-ақ: – Жоспарымыз бойынша белгілі драматург Б.Васильевтің «Тамылжыған таң» («А Зори здесь тихие...») драмасын сахналамақпыз. Бақыт, сен соның сценариясын дипломдық жұмыс ретінде алсаң қалай болады? Мұны театрдың директоры да мақұлдап отыр, – деді.

Бақыт біраз ойланyp тұрды да: – Әуелі шығарманы тағы бір рет оқып шығайын. Бұл үлкен жауапкершілік әрі маған деген сенім ғой, – деді ол сәл ғана жымиып.

– Жас келсе іске деген. Сенің қарым-қабілетіңді білген соң ғана асындай байламаға келді. Бәріміз оқылдасып көлемтесеміз ғой, – деген бас режиссер «осымен гәп біттіге» санап манадан бері ой үстінде тұрған Бақыттың қолын қысты. Тұрғанбек ағасының мұнысы «Іске сәт!» дегені екенін де жас маман іштей пайымдады.

Сол күннен бастап-ақ драмалық шығарманың мағынасы мен айтар ойын зерделеуге кірісті, ішкі иірімдеріне тереңдей ене түсті. Қойылымдағы

образдардың жандүниесі мен психологиясына да ерекше зейін салды. Өйткені сахналық қойылымның сәтті шығып, көрермендердің көңілінен шығу суретші-сценаристтың шеберлігіне де байланысты боларын жас дарын иесі жақсы білді.

Аллаға шүкір, «Тамылжыған таңның» премьерасы театр ұжымы ойлағаннан да сәтті шықты. Қойылым аяқталғанға көрермендер тек қушып-сүретшіге де қошемет көрсеткенде Бақыт Бекмырзаұлының да төбесі көкке жеткендей әсерге бөленді. Ол сол кезде небәрі 23 жаста еді.

Шымкенттегі училище мен Алматы театр және көркемсурет институтындағы естен кетпес жастыққа толы мазмұнды жылдар да артта қалды. Өз саласы бойынша білімі мен тәжірибесі де толысқан жас маман алғашқы еңбек жолын өзіне өте жақын – Жетісай драма театрында бастамаққа ниеттенді. Жас суретші-сценаристты театрдың шығармашылық ұжымы жылы шыраймен қарсы алды.

Бақыт Бекмырзаұлы 2008 жылы Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясына оқытушы болып барғанға дейін Жетісай драма театрының шығармашылық тұрғыдан кемелденуі жолында тер төкті. Осы аралықта ол жалпы саны 70-тен астам әлемдік деңгейдегі шетел және қазақ драматургтерінің, сондай-ақ базалар арналар қойылымдардың да сахналық сценарияларын жасады. Бұлардың арасында Р.Ғамзатовтың «Тау қызы», С.Камаловтың «Ер Тарғын», С.Адамбековтың «Алтын табақтағы жылан», С.Балғабаявтың «Қыз жиырмаға толғанда», «Біз де ғашық

болғанбыз», А.Островскийдің «Жазықсыздың жақыты», М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні», И.Сапарбаевтың «Шәмші сағынышы», Ғ.Мүсіреповтың «Әнші Майра», Ш.Құсайыновтың «Әбу Нәсір Әл-Фараби», А.Оразбаевтың «Бір түп алма ағашы», І.Есенберлиннің «Ғашықтар» сияқты тағы басқа да саналуан жанрлардағы қалың көрерменге ой салатын көптеген қойылымдар бар екенін де айта кеткеніміз абзал.

1997 жылы Жетісай драма театры классик жазушымыз М.Әуезовтың 100 жылдығына орай Алматы да өткен Халықаралық театр фестиваліне «Қорғансыздың күні» драмасымен қатысты. Мұның қоюшы-режиссері Т.Қыстаубаев та, қоюшы-суретшісі Б.Сраилов болды. Сол кезеңде атағы дүркіреп тұрған талай театр ұжымдары мен театр сыншыларын таңдандырған жерлес әртістеріміздің өнеріне талғамы биік Алматылық көрермендер де дүркірете қол соққаны әлі естен кетпейді. Мұйіздері қарағайдай әділқазылардың өзі әртістеріміздің шеберліктерін өз алдына, сахнаның ерекше үйлесімімен безендірілгеніне де жоғары бағаларын берген-ді. Сол фестивальдан Бақыт ініміз мерейі тасып

лауреат атанып оралды. Сондай-ақ ол бірнеше Халықаралық, Республикалық деңгейдегі көркемсурет көрмелеріне де төл туындыларымен қатысып абырой биігінен көрінді. Осылардың барлығы Мырзашәлдік дарынды суретшінің атақ-даңқын аспандатып оның Алматыға жұмысқа шақырылуына негіз қалады. Яғни, 2009 жылы кезінде өзі білім нәрімен сусындаған Қазақ Ұлттық өнер академиясына оқытушы болып еңбек жолын жалғастырды. Болашақ театр суретшілеріне дәріс бере жүріп Бақыт Бекмырзаұлының өзі де шығармашылық тұрғыдан үнемі ізденісте болды. Алматы өнер мен мәдениеттің де орталығы екені баршаға белгілі. Осындағы елімізге әйгілі қылқалам шеберлерімен болған сұқбат-кездесулер, атақты театр режиссерларымен диалогсыз, тәжірибе бөлісу оның кәсіби көкжиегін кеңейтті, алдағы үлкен жоспарларына бастау бола білді.

Ал, 2009-2012 жылдар аралығында Алматыдағы Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар және жасөспірімдер театрында бас суретші болып жемісті еңбек етті. Ол театрдың директоры және көркемдік жетекшісі, ҚР халық әртісі, есімі шетелдерге де белгілі дарынды театр режиссері Талғат Теменовпен шығармашылық хәм сыйластықта жұмыс істеді. Абыройдан кенде болған жоқ. Мұнымызды театрдың сахнасын да қойылым Ш.Айтматовтың «Әселім арманым», «Қызыл орамалды Шынар-ым», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», М.Әуезовтың «Айқаракөз», тағы басқа да белгілі қойылымдардың сценарияларын сәтті шығарып көрермендердің ыстық ықыласына бөленгені дәлелдей түседі. Аталған спектакльдер көптеген шетел сахналарында да қойылып республикалық халықаралық фестивальдардан жүлде де алды, лауреат атанды.

Туған жер, туған театр демекші, Бақыт Бекмырзаұлы осы бір сиқырлы күш тартатында тұратын. Осы тылсым күш оны тағы да туған өлкесіне жетеледі. Бақыт Сраилов 2012 жылдан бері өзіне ерекше ыстық сезілетін Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының директоры. Осы уақыт аралығында театрдың киелі сахнасында жалпы саны 50-ге жуық әр алуан жанрлардағы қойылымдар сахналанды. Ол бірнеше Халықаралық көркемсурет көрмелері мен театр байқауларының лауреаты, дипломанты да болды. Алматыдағы жастар театрындағы жетістіктері өз алдына, Б.Сраилов Жетісай драма театрына басшы болған уақыт аралығында шығармашылық ұжым «Театр көктем 2013» театрлардың облыстық фестивалінде «Ең үздік қойылым» номинациясын иеленді. 2014 жылы Қазақстан Театр қайраткерлері Одағының «Жыл театр суретшісі» номинациясы бойынша «Еңлікгүл» Кәсіби театр өнері сыйлығының лауреаты болып табылды. 2015 жылы Атырауда өткен Р.Отарбаевтың Халықаралық театр фестивалінде Жетісай драма театры да жүлделі орынды алды. Ал «Двойник» қойылымының қоюшы-суретшісі ретінде Б.Сраилов лауреат атанды. Ал, 2018 жылы Республикалық театр ассоциациясы тарапынан белгіленген мәртебелі ұлттық «Сахнагер – 2018» сыйлығы мен «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалінің иегері болды. Жалпы, Б.Сраиловтың атына мен алған марапаттары бір басына жетерлік.

Ең бастысы оның өз мамандығына, өнер мен театрға деген сүйіспеншілігі дер едік. Заман, уақыт ағымынан артта қалмай, мырзашәлдік көрермендерді рухани тұрғыдан сусындату үшін де еңбек етіп келе жатқан ол ұжымымен шығармашылық ізденіс үстінде.

**Әбділім ТІЛЕУБЕКОВ,  
Сәбит Қалдыбаев,  
ҚР Журналистер одағының мүшелері**

# «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖИНАҒЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Ұлттық кітапханада «Ақ жол» газеті материалдарының – «Ақ жол» газетінің 25 томдық жинағының тұсаукесері өтті. Жинақ «Әлеуметтік маңызды әдебиет» республикалық бюджеттік бағдарламасы аясында «Ақ жол» парламенттік фракциясы депутаттарының күш-жігерінің арқасында жарық көрді. Іс-шараға ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Н.Дауешов, «Ақ жол» партиясының төрағасы А.Перуашев, «Ақ жол» парламенттік фракциясының депутаттары, Гумилев атындағы ЕҰУ-нің басшылары мен қызметкерлері, «Алаш» ғылыми-зерттеу институты, «Алашорда» қоғамдық қорының өкілдері, жинақ авторлары, құрастырушылар, аудармашылар және редакторлар қатысты.



зиялыларының Түркістан, Қазақ АССР өмірі мен оқиғалары туралы материалдары жарияланды.

Өздеріңіз білетіндей, «Ақ жол» партиясы Алаш қозғалысының идеялық мұрасын зерттеу және насихаттау бойынша үнемі жұмыстар жүргізеді. Жыл сайын ғылыми жұмыстар конкурстары, ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп, жарияланымдар жарық көреді.

Құттықтау сөзінде Азат Перуашев жинақтың жарыққа шығуы Мәдениет және спорт министрі Ақтоғы Раимқұлованың қолдауы арқасында жүзеге асқанын атап өтті.

«Ұрпақтардың рухани және мәдени

тәжірибесінің сабақтастығы – Тәуелсіздікті нығайтудың басты негіздерінің бірі. Мұндай материалдарды басып шығару ұлттық тарихты түсіну үшін, оның ішінде оның бұрмалануына қарсы тұру үшін өте маңызды», – деді Перуашев. Сонымен қатар іс-шарада: тандалған мақалалар жинағы және Нәзір Төреқұлұлының мұрағаттық материалдары; британдық инженер Джон Уилфорд Уарделлдің «Қазақ даласында» естеліктері (қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде); жас ғалым-тарихшы Арман Ахметовтың «Әбілмәбет хан әулеті» монографиясы көпшілікке ұсынылды.

qazaquni.kz

## SPORT

Қазақстанда алғашқы ресми жеңіл атлетикалық жарыс – Бүкілқазақстандық 1-спартакиада 1928 жылы Петропавл қаласында өтті. Республикада жеңіл атлетикадан тұңғыш рет КСРО-ның спорт шебері атағын 1943 жылы Ш.Бекбаев алды. Қазақстанның жеңіл атлеттері Олимпия ойындарында, дүниежүзілік чемпионаттар мен халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерді көрсетіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер атанды. Олар: Е.Кадыкин, Ф.Қосанов, Ә.Тұяқов, В.Савинков, Л.Кононова, С.Исабаев, Б.Күреңкеев, В.Муравьев, В.Савин, В.Солдатенко, Л.Микитенко, А.Бадранков, т.б. Қазақстандықтар арасында Олимпиялық ойындарға тұңғыш қатысқан спортшы Е.Кадыкин болды. Тәуелсіз елімізге тұңғыш алтын медальді 2000 жылы Сиднейде өткен 27-Олимпиялық ойындарда кедергі арқылы жүгіруші О.Шишигина әкелді.



## Жеңіл атлетикадағы жүйріктер

Ғұсман Қосанов – КСРО құрамында Олимпиадаға қатысқан тұңғыш қазақ желяяғы. 1960 жылы XVII-нші Рим Олимпиадасынан эстафеташылар жарысынан күміс медальға ие болды. КСРО чемпионының жеңімпазы, КСРО чемпионатының күміс жүлдегері. КСРО – АҚШ кездесуінің эстафеташылар жарысының жеңімпазы болды. 1968 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген бапкері атағына ие болды. Қосанов құрметіне арналған жеңіл атлетикадан халықаралық жарыс 1991 жылдан бастап өткізіліп келеді.

Солдатенко Вениамин – жеңіл атлет, спорттық жаяу жүрістен 1976 жылы КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері. Қазақстанның және халықаралық турнирлердің жеңімпазы. 50 км. қашықтыққа спорттық жаяу

жүрістен жеті дүркін КСРО чемпионы. Сонымен қатар, Еуропа чемпионы, Әлем чемпионы атанған қазақстандық желяяқ. XX-Олимпия ойындарының күміс жүлдегері атанған ол Құрмет белгісі орденімен және басқа да көптеген медальдармен марапатталған.

Муравьев Владимир Павлович – жеңіл атлет, техникалық ғылымдар кандидаты. Спорт шебері, КСРО халықтары спартакиадасының жеңімпазы.

Еуропа кубогінің иегері, Дүниежүзілік чемпионаттың күміс жүлдегері, КСРО чемпионы, XXIV-Олимпия ойындарының чемпионы. 2 рет Құрмет белгісі орденімен марапатталған.

Шишигина Ольга Васильевна – қазақстандық жеңіл атлет, кедергілі жүгіру спринтершісі, 2000 жылы Сидней олимпиадасының

чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері. 1994 жылғы Жапонияның Хиросима қаласында өткен Азия ойындарында жеңімпаз болған, осыдан кейін оған «Қазақстан Республикасының спортқа еңбек сіңірген шебері» атағы берілген. 1995 жылдардағы жазғы және қысқы әлем чемпионаттарының күміс медаль иегері. 1999 жылғы әлем чемпионатында алтын жүлде иегері.

Дмитрий Карпов – қазақ жеңіл атлетикасының серкесі, қарағандылық онсайысшы. 2004 жылы Афины олимпиадасының қола жүлдегері. Әлем чемпионаттарының қола жүлде иегері, Азия ойындары жеңімпазы. 2007 жылғы Әлем рейтингінде онсайыстан 4-ші орында табан тіреді.

Ольга Сергейқызы Рыпакова – Қазақстанның үш аттап секіруден

жеңіл атлеті. Ольга Рыпакова 2008 жылғы Бейжің олимпиадасында үш аттап секіруден Азия рекордын жаңартып, 4-інші орынды иеленгенді. Ал, 2010 жылы Шанхайда өткен «Гауһар лига» деп аталатын жеңіл атлетика сериясының бірінші кезеңінде алтын медальды жеңіп алды. 2010 жылы қысқы әлем чемпионатында әлем чемпионы атанды. 2011 жылғы жеңіл атлетикадан Тәгу қаласында өткен әлем чемпионатында Ольга Рыпакова күміс медаль, 2012 жылғы жеңіл атлетикадан Лондон қаласында өткен олимпиадада алтын медальды жеңіп алды.

Біз жоғарыда атап өткен жеңіл атлетиканың жүйріктері шыққан Қазақстаннан әлі талай жеңімпаздар шығып, әлемді таңдай қақтырады деп сенеміз.

Кенесары СЕЙДАЛИЕВ

## ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ - «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58

6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32

Меншік иесі:  
«Қазақ үні» ЖШС  
**ҚАЗАҚ ҮНІ**

Президент –  
Редакторлар кеңесінің төрағасы –  
**Қазыбек ИСА**

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –

Зейнолла АБАЖАН

Бас редактордың орынбасары –

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Айнұр АХМЕТ (мәдениет)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана тілшілер қосыны:**

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

**Ақмола облысы:**

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**

Нұрсұлтан НҰРМАН

(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**

Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БИРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

**Батыс Қазақстан облысы:**

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

**Жезқазған қаласы:**

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

**Сәтбаев қаласы:**

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

**Қарағанды облысы:**

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

**Маңғыстау облысы:**

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

**Түркістан облысы:**

Әбдіғалпар АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор –**

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш» (87015728847)**

дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат**

**министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.**

**Күллік №13976-Г (Алғашқы күллік**

**№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуты шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**

8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail.com**

**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**

**Дастан ЕЛДЕС**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ50856000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, ҚБЕ 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген